



ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ  
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
Актюбинского университета им. С. Баишева  
**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

**2009**

**№ 1 (23)**

**С.БӘЙШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ  
ВЕСТНИК  
АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. С.БАИШЕВА**

**1 (23)  
2009**

27.03.09

Ғылыми журнал

Научный журнал

*Үш айда бір рет қазақ және орыс  
тілдерінде шығады*

*Выходит один раз в три месяца на  
казахском и русском языках*

**РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС  
РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**

АХАН Б. – төраға – председатель,  
философия ғылымдарының докторы,  
профессор

ҚҰСАЙЫНОВ Х. – төрағаның  
орынбасары – зам. председателя,  
экономика ғылымдарының докторы,  
профессор

АСАРОВ А. – философия  
ғылымдарының докторы, профессор  
(Ақтөбе қ.)

ШӨПТІБАЕВА К.Б. – әлеуметтану  
ғылымдарының докторы, профессор  
(Ақтөбе қ.)

СҰЛТАНҒАЛИЕВА Ғ.С. – тарих  
ғылымдарының докторы, профессор  
(Ақтөбе қ.)

ТЕКТИҒҰЛ Ж.О. – филология  
ғылымдарының докторы, профессор  
(Ақтөбе қ.)

ОРАЗАЕВА Қ.Б. – филология  
ғылымдарының докторы, профессор  
(Ақтөбе қ.)

ЖАРЕКЕШЕВ Х.Б. – экономика  
ғылымдарының докторы, профессор  
(Алматы қ.)

**МАЗМҰНЫ  
ОГЛАВЛЕНИЕ**

**ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

АСАРОВ А.А., СӨРСЕМБИН Ү. Қ. Қазақ әлемдегі Ахмет Байтұрсынұлының рухани тұлғасы .....	3
ОТАРАЛИЕВА Б.Е. Сапалы білім берудегі нәтижеге бағытталған дамыта оқыту сабақтарында оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру .....	14
УТАЛИЕВ С.А. Хорезмийские караванные трассы в Европу в эпоху Средневековья .....	18
УТАЛИЕВ С.А. К вопросу захоронения Срым батыра .....	22
ДАУЛЕНОВА А.С. Жыраулардың шығармашылығындағы моральдық мәселелер .....	26
МУСТОЯПОВА А.С. Шығармашылық пен креативтіліктің феномен ретінде зерттелінуі .....	29
МУСТОЯПОВА А.С., ҚАПАНОВА А.Т. Әлемдік білім беру кеңістігіне енуде дистанциялық оқытудың маңызы .....	35
ЕРЕКЕШЕВ К.М. Экономикалық білім беруде бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелесудің ролі .....	40
ЕРЕКЕШЕВ К.М. Адам ресурстарын дамыту негізі – экономикалық білім беруде .....	44
ТӨРЕЖАНҚЫЗЫ Ж. Психология пәнін дамыта оқыту техноло-гиясы бойынша оқытудың кейбір мәселелері .....	48
ІЗТІЛЕУОВА А. Ж. Менің педагогикалық философиям .....	52

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ  
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

КӘРТЕН Б. Мұхиттың «Үлкен айдай» туындысындағы дүниетаным мәселесі .....	54
--	----

**ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

МОЛДАГУЛОВА Ж.А. Основные организационно-правовые

ҚӘРІМОВ Т.К. – медицина  
ғылымдарының докторы, профессор  
(Ақтөбе қ.)

ҚАБАҚБАЕВ С.Ж. – физика –  
математика ғылымдарының докторы,  
профессор (Ақтөбе қ.)

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДКОЛЛЕГИЯ**

ЖАНПЕИСОВА Н.М. – бас редактор –  
гл. редактор

ОТАРАЛИЕВА Г.  
КАЗИМБЕТОВА Ж.А.  
БАЗАРБАЕВА С.М.  
АБИЛЬДАЕВА К.М.

ИСАКОВА С.С. – жауапты хатшы –  
ответ. секретарь

**Бәйішев атындағы Ақтөбе  
университетінің  
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
Актюбинского университета им.  
С.Баишева

**ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ**  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе  
университеті

**УЧРЕДИТЕЛЬ**  
Актюбинский университет им.  
С.Баишева  
Компьютерде терген, көркемдеген  
Компьютерная верстка, дизайн

формы государственного управления.....58  
АХМЕТОВА Э.Е. Мемлекеттік борыш тапшылығы және  
мемлекеттік борыш мәселелерін жабу тәсілдері .....64  
ШЕКТІБАЕВА К.Ж. Қазақстанның мұнайы мен газына көз тігер  
аз ба?.....67  
СҮЛЕЙМЕНОВА Қ.О. Астық нарығының жұмыс істеуі мен  
дамуының ғылыми негіздері.....71

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЕСТЕСТВЕННО -ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

ТАКИШЕВА Г. А. КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ.....80  
ӘБДІРАХМАНОВА Қ. Ә. Информатика курсында мәліметтер  
корын басқару жүйесі такырыбын оқыту (Microsoft Access  
негізінде).....82  
БАРБОСЫНОВА Г.Е. Исследование технологий процессов  
рекламной индустрии.....88  
КИНИТАЕВА Д. Н. Теоретико-методологические основы  
духовно-нравственного формирования личности.....94  
БЕРКЕШЕВА А.С. О качестве образования в современных  
условиях .....98  
БАЙДЕКЕШЕВА Н.Қ. Физика пәнін оқытудағы жаңа  
технологиялардың тиімділігі.....102  
ЕРГАЛИЕВ Д.С. Технология разработки интеллектуальных  
систем оценки состояния бортовых комплексов оборудования .109  
ЕРГАЛИЕВ Д.С. Представления экспертных знаний для  
интерпретации многомерных диагностических тестов бортовых  
комплексов оборудования .....112  
М.К.ИМАНГАЗИН Уровень производственного травматизма на  
шахтах Донского ГОКа – филиала АО «ТНК «Казхром» за период  
с 1990 по 2006 годы.....117 ✓  
ИМАНГАЗИН М.К. Опыт работы на Донском горно-  
обогатительном комбинате – филиале АО «ТНК «КАЗХРОМ»  
согласно международной системе менеджмента охраны здоровья и  
безопасности труда OHSAS – 18001.....132 ✓  
ЕЛЕУСІНОВА А.Б. Қала және автокөлік .....140  
**БІЗДІҢ АВТОРЛАР.....143**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ БЕРГЕН КҮӘЛІК № 4645-Ж,  
29.01.2004 ж.

СВИДЕТЕЛЬСТВО № 4645-Ж от 29.01.2004 г. ВЫДАНО МИНИСТЕРСТВОМ ИНФОРМАЦИИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



## ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ




Ә. А. АСАРОВ  
Ү. Қ. СӨРСЕМБИН

### ҚАЗАҚ ӘЛЕМІНДЕГІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ РУХАНИ ТҰЛГАСЫ

Әр ғалымның ашқан ғылыми жаңалығы негізінде, халық игілігіне ұсынылып отыратын формуласы секілді, рухани тұлғалардың да әр ұрпақ буынды ұлттық болмыс өзегін тануға, ұлттық идея бағдарын білуге жетелейтін өз түсінігі бар. Ол, билерімізбен жырауларымыздың даналық өсиеті. Сол себептен өсиет, зиялылар руханиятын, әсіресе тарихи уақыт ішіндегі ел өмірінің болмыс қалпын, үнемі ұрпақ санасына жеткізіп отыратын бірден бір шындық негізі. Мәселен, ел тарихында Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқан мына бір сөздері бар: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден, қуат береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды, ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз» [1, 177 б.].

Жеке адамның да, әлеуметтің де рухани болмысына тұлғалық сыйпат беретін шынайылық, шынайылықтың өрісі қашанда зиялылық. Шынайылықпен ұштасқан зиялы істе мағына бар. Себебі, әділдікті бағалап ақиқатқа сүйенген жекелеген адамдардың өмірі, рухани тереңдік пен әлеуметтік карама – қайшы құбылыстарға кезігін отырған. Бұл тұлға өміріне тән шынайылық. Рухани тұлға, яғни зиялының өміріне тән шынайылық оның жеке басына үлкен қиындық әкелгенімен жұрты, келер ұрпағы үшін өшпейтін рух, тұлғалық қазық. Әйтеке би данамыз зиялылар болмысының бойынан көрініп отыратын осы бір қасиетті былай деп сомдаған: «жақсының серігі - әменде ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, білік. Ер жігітке төзім - тірек, сабыр қамал, ақыл - әл -





куат, ар - абырой - қазына, қанағат - асыл тас, бата мұра, әдеп - сән, жалған сөз - дерт, ақиқат - ем, үміт көңіл азығы, сезім - бұлақ, қиял - шырын, тілі жүрегінің елшісі. Көңіл - әрдайым обыр, кіршен. Сондықтан оны үнемі аққа ұйытып отыру - ақылдының еншісі» [2, 112 б.].

Зиялылар өміріне тән тарихи шындық және мәдениет феномендердің, сол рухани әлем кеңістігінде орын алаған құбылыстардың, әлеуметтік себеп-салдарын философия тұрғысында зерттеп зерделей, заман шындығы тұрғысында уақыт ағымымен таразылай білсек, оның берер құндылығы да, білім де шексіз. Кезінде белгілі қазақ ғалымы Е. Бекмаханов, Қазақ ханы Кенесарының ұлт азаттығы жолындағы тарихи қызметтерін жазуда, алдымен тұлғаның қалыптасуына ықпал еткен ұлттық тәрбиеге және тұлғаның өз бойындағы қасиетіне, рухына аса мән берген: «Халық аңыздары мен өлеңдерінде жырланған атасының образы Кенесарыға бала кезінен сүйікті болған болу керек. Ол Абылайды мақтан тұтатын және әрқашан оның ісін жалғастырушы және оның праволарының заңды мұрагері екендігін атап отыратын. Міне сондықтан Кенесары патша өкіметіне жазған хаттарында және қазақтың әр түрлі руларына арнаған үндеулерінде Абылай есімін жиі атайды. Кенесары «атасы Абылайға тиісті жерлер үшін» күресетіндігін және «атасының жолымен жүретіндігін» ашық және бүкпесіз жариялады. Өзінің үндеулерінде ол «Абылай тұсында қазақтар еркін және бейбіт өмір сүргендігін» еске салып отырды. Абылай есімі Кенесары әскерінің ұраны болды [3, 112 б.] Тарихшы, ұлы ғалымның елдік бағыттағы бұндай ізденістерінің құндылығы, ұлттық мәдениет шеңберінде іздене білген адамға әдіснамалық негіз. Бұны уақыт талабының өзі дәлелдеп отыр.

Дана Абай айтқан: «кез-келген ғалым хакім емес, кез-келген хакім ғалым». Шынымен де адамға өзін ғалыммен деп санау оңай, бірақ ғылымға қызмет ету бұданда жоғары әрі күрделі. Шоқан, Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Е. Бекмаханов, Қ. Сәтпаев сынды ғалымдардың ел алдында атқарып кеткен рухани қызметтерін зерделей білген адамға, ғылым мен зиялылықтың мәнін терең түсініп ажыратудың қиындығы жоқ. Осы есімдері аталған қазақ ғалымдарының қай-қайсысы да, ізденістерінің өнімін жеке өмірлеріне пайдалана алмаған. Кеңес билігінің жүргізген саясаты олардың өмірлерін қысқартты. Жоғарыда келтірілген Абай даналығы ақиқатты ғалым мен зиялы ұстаздың рухани өмірін, философиялық деңгейде шөлып шығуға жетіп жатыр. Демек ғалымдықтың өзі қарапайым түсінікпен келетін нәрсе емес, әуелі адамнан адамгершілікті талап етіп, адамның білімі мен білігі, қасиеті мен рухы арқылы келетін, қолы жететін дүние. А. Байтұрсыновтың ұлтқа, ғылымға қызмет ету жолындағы тұлғасы жөнінде М. Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында былай деп жазады: «Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері азда болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады....

Ақанның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде..... Қаламынан туған өсиеті,





үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік зорлық, ер зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді.

«Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – Қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кеткен қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш» [4, 15 б.]. Өз заманында өз ұлтын теңдік пен бірлік идеясына бастап, нағыз тұлғалық пен зиялылықтың рухын көрсете алған алаш зиялыларының осындай әсерлі және өнімді қызметтеріп кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында жазған М. Әуезовтың бұл тұжырымы, алдағы уақытта, қазақ зиялыларының тұлғалық феноменін жан-жақты зерттеуге ұйытқы болумен қатар, тарихтағы әрбір қазақ баласының бойындағы «Қазақ идеясының» руханиятын тереңдете түспек. Бұл тұрғыдан келгенде А. Байтұрсыновтың ғылым жолына не себептен түсіп, не себептен құндылығы мен білімі мол еңбектер жазуды ұйғарғандығы өздігінен көрініп тұр. «Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде - деп жазады М. Әуезов, - менің есіме қазақ газетінің әуендері түседі. Біз ол кезде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік. Көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзінеде елестегендей еді» [4, 15-16 б.]. Тарихи уақыт ішіндегі осындай жеке адамға да, қоғамға да, ғылымға да құрметпен қарап, әділдіктің бағасын қадірлей білген тұлғаларымыздың, халыққа деген құрметі бүгінгі біздер үшін үлкен сабақ, екінші жағынан үлкен сын. Олар тарихта кейінгі ұрпақ ұялмайтын іс қалдыра білді, бұл бүгінгі біздер үшін бір жағынан білім көзі, екінші жағынан тұлға өміріне тән тағдыр мен адамгершілік заңының тепе теңдігін дәлелдейтін шындықта. Біз сол шындық арқылы өз заманымыздың өрісіндегі тұлғалық пен зиялылықтың парқын анықтаймыз. Бұл бір мәселе. Олай дейтін себебіміз, алаш зиялыларының уақыт аясындағы ортақ ұлт мәселесі жолындағы бейнесін танудың өзі, арнайы философиялық зерделеу мен ғылыми зерттеуді талап етіп отыр. С. Сейфулин, М. Әуезовтердің алаш зиялыларының рухын халыққа жеткізу мақсатында жазған еңбектері, осы тұрғыдағы ұлы бастама. Тұлға феноменін зерттеудегі философия ғылымының жан-жақтылығы да осы, бұрын соңды айтыла қоймаған қазақ зиялыларының өнімді рухани қызмет үлгілерін тану қажеттілігін, жолға қойғаннан ақ біліне бастайды.

Ойшылдық біреуге ақыл айту, кеңес берумен шектелген емес, халық руханиятын түлетіп отыратын өзге бір зиялы тұлғаның даналығын, сол даналыққа ұйытқы болып отыратын қасиетін, оның рухын тану. Сонымен бірге, осы әлеуметтік кеңістіктегі руханият пен рухани тұлға



болмысын зерделеу арқылы өз болмысына да сын көзбен қараушылық. А. Байтұрсынов сыны өз заманындағы ел, ұрпақ алдында азаматтықты адал түсінуден туса керек:

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,

Сахара көлге қонып салқындаған.

Бір өртке қаудан шыққан душар болып,

Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!

Алаштың адамының бәрі мәлім:

Кім қалды таразыға тартылмаған?

Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,

Жақсылық өз басынан артылмаған.

\*\*\*

Қайырсыз, неше сараң байлар да бар,

Қайықтай толқындағы қалтылдаған.

Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,

Ұмтылып талап ойлап талпынбаған.

Солардың қатарында бізде жүрміз,

Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.

Не пайда өнерің мен біліміңнен,

Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған? [5, 107 б.]. Осы бір өлең шумақтарында көрсетілген адамдардың болмыс күйі, әр ұрпақ буынның өз болмысының ақиқатына сын көзбен қарап, ненің тиымды ненің халық мүддесі үшін тиымсыздығын, ненің орынды, ненің өз намысы және адамзат игілігі тұрғысынан орынсыздығын білуіне көмектесері анық.

«Кез келген дана ғалым» - деген Абай даналығының тағыда бір қырына тоқталар болсақ, кейінгі ұрпаққа, әлеуметке ел тарихындағы дана адамның даналығының көзін ашатын дана адам екендігі өздігінен дәлелденіп шығады. Кейінгі ұрпақ Абай тану ғылымын қазақтану ғылымы деңгейімен теңдестіре алса, онда бұл ғылымның ұлттық идеялық негізін қалап кеткен алаш зиялыларының бейнесі ұрпақ санасында мәңгі өмір сүрмек. Мәселен, Абай руханиятына қатысты жазған. Байтұрсыновтың еңбегі «Қазақтың бас ақыны» - деп аталған. Бұнда алаш зиялысы Абайдың ақындығын жан-жақты зерделей келіп, оның мәңгілікке ұласқан шығармашылық рухының қадірі тек қана кейінгі ұрпақ түсінігіне байланысты келетіндігін атап көрсетеді: «Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қате шығарып, ешкім жарыта алмайды» [5, 158 б.]. Шыныменде кейінгі ұрпақтың, Абайды өзге бір елдің тұлғаларымен салыстырудың орнына, Абай айтқан кеңесті, Абай қойған талапты адал орындай алса, оның өзі үлкен жетістік. Зиялыларымыз жазғандай ұлттық идеяның бір мәселесі Абайтану. Өйткені Абай қара сөзі әр қазақ үшін мағыналы өмір сүрудің, ғылымға, білімге, адамға, халыққа қызмет етудің тараулы жолы.

Тұлғаның рухы мен рухани тереңдігінен шығатын шығармашылық ізденіс, немесе идея үндестігі тарихта сирек кездесетін жағдай. Шығармашылық табиғаты мен ақиқатының негізі бір болса да ұлттық мүдде деңгейіндегі мақсаты, сол мақсат негізінде жарыққа



шығып отыратын тұлға көзқарасы көп жағдайда, өзге бір тұлғаның идеясымен қайшылыққа түсіп, кездейсоқ нәтижелерге тап болып отырады. Бұндай құбылысты жоққа шығару мүмкін емес. Дегенмен ортақ, нағыз практикалық мәселелерге ойшылдардың шоғырланып, идеяларының үндесуі жағымды да орынды және қай күнде де болымды нәрсе. Себебі ұлттық мүдде талабы адамнан тек оған адал қызмет етуді ғана талап етіп отырған:

Өзгеге, көңілім, тоярысың,  
Өлеңді қайтіп қоярысың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярысың.

\*\*\*

Жылай-жырлай өлгенде

Арттағыға сөз қалсын.

Мендей ғарып кез болса,

Мойын салсын, ойлансын [6, 98 б.]. Абайдың бұл сөзі, өзі өмір сүрген заманнан кейінде алаш зиялыларының идеяларының бойынан көрініс тапты. Яғни ойшылдың даналығынан туған ұлттық мұрат рухы, ұлттық мәдениетіміздің кеңістігінде А. Байтұрсынов сынды зиялылар феноменінің басты белгісіне айналды:

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,  
Құлағын біреу салмас, біреу салар.  
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,  
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.

Қайсысы ықыласын салып тыңдар,  
Жаратпай қайсы бірі теріс қарар.  
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,  
Солардан азда болса белгі қалар. [7, 5 б.].

Зиялының өмірдегі мақсаты мен мақсатты ісінің нәтижесі, оның идеяшылдығымен шектеліп отырмаған. Әлеумет игілігіне бағытталған идеяның қоғам өмірінде тарихи шындыққа айналып, тәжірибе негізінде орындалуы ақиқатты тұлғаның бойына тән басты қасиет. Осы себептен зиялылықтың адамға қояр міндеті мен өрісі, әр дайым заман талабына сай кеңейіп отырған. Алаш зиялыларының ұлттық қажеттіліктерді жүзеге асыру мақсатында, ұлт еркіндігін арттыру үшін жан-жақты ізденуі сондықтан. Оның тарихта өшпейтін бір арнасы ғылым. Демек А. Байтұрсыновтың ел мәдениеті кеңістігінің аясындағы рухани тұлғасы оның ғалымдығы, сол терең ізденіске жетелеп отырған тектілігі арқылы анықталып отырмақ. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлт ұстазының да дербес ғылыми ізденісінің табиғатын анықтайтын өзіндік ұстанымы, түсінігі бар. Ол: «Жұрт алдындағы адамшылық борышымыз әркім білгенін, қолдан келгенін істеу...» [8, 65 б.]. Шыныменде мәдениет



бойындағы зиялылар түсінігіне байыппен зер салсақ, адамның тұлғалығына жетекші болатын (ұшан теңіз білімі емес) рухы, адамшылығы. А. Байтұрсынов ұрпақ мүддесіне тиесілі қандай құндылық болмасын оған адамгершілік тұрғысынан қарау мәселесін көтерді. Ғылымға қызмет етудің адамға қызмет қылу мен теңдігін түсіндіріп берді: «Мойындағы борышты білу-білім ісі, борышты төлеу-адамшылық ісі» [8, 60 б.]. Адамға ұлттық намыс арқылы келетін білім, өнер рухының тарих бойында, тұлғалықтың ерекше құбылысының қалыптасуына себеп болатындығы сол. Тектілікте көп жағдайда адамның ұлттық парызына тіреліп, сол парызды межелі орындау жолындағы зиялылығынан шығып отырған. Тектілік-өзіңнің ұлттық тегінді тану, сөз ұлттық тегің арқылы өз елің мен өз жеріңнің рухын еркін сезіну.

Өзінің бойына дарыған даналығы арқылы, тұлғалықтың ұрпақ үшін құндылығын бағалай білген қазақ зиялыларының, аз уақыт ішінде үнемі ұрпақ игілігіне жарап отыратын, құнды дүниелер жазып қалдыруды мақсат етуі де бекер емес. Олар өз заманында кеңес билігі ұстанған саясат мақсатын алдын ала болжап, оның шындыққа айналарын елге ашық жариялаған. Соның бір дерегі ретінде А. Байтұрсыновтың ең соңғы қамауға алынғандағы Ә. Ермековпен М. Әуезовке жазған хатын айтуымызға болады. Бұл хаттағы сөздер ұрпақ үшін өмірдің, тарихтың, сол уақыт аясындағы тұлға рухының бір мысалы деп айтсақ артық емес: «Сендер жассындар. Біз сияқты саясатта аттарың шығып, әйгіленіп жатқан жоқсындар. Біз «жаздық, жаңылдық» деп қанша айқайласақ та, олар сенбейді және түрмеден шығармайды. Осы тұзақтың түскені – түскен. Сендер қателіктеріңді мойындап, ашық хат жазыңдар. Бәріміз бірдей өлін кетсек, арманымызды алдағы күнге кім апарарды? Екіншіден: сендер әлі еш нәрсе тындырған жоқсындар. Халықтың парызын өтеңдер. Үшіншіден: бұлар сендерге сенеді. Сондай-ақ, олар халыққа бізді жексұрын көрсетуі үшін «қатесін мойындайтын» адамдар іздеп отыр. Оған сендер лайықсындар. Бұл да – күрестің бір түрі» [9, 186 б.].

Зиялыларымыздың тарихи тағдыры куә болып отырған, нағыз зиялылық өрістеген ортада, саяси билік (мәселен кеңес билігі) тарапынан туындаған әділетсіздік қатар өрбісе де, түптеп келгенде ізгілікті идеяның, сол идеяның практикалық көрнісі игілік істің ұрпақ мүддесіне қайта қауышары анық. Тұлғалар феноменіне тән тектіліктің бізге берер сабағы, алдымен ақиқатты істің тарихи шындыққа айналарын тарих жүзінде дәлелдеуінде:

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,  
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.  
Қайраттанып қажымай тырмыссаң да,  
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар.

\*\*\*

Мен өлсем де - өлемін жөнімменен,  
Тәннен басқа немді алар өлім менен.  
Өлген күні апарып тығары – көр,  
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.



Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес – бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,

Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін [7, 20 б.]. Ел зердесінде сақталатын зиялылар рухы деп осы тұжырымды алуымызға болады. Өмір сабағы бұл - тарих тәжірибесі, тарих тәжірибесі бұл - зиялылар тағдыры орамындағы мәңгі өшпейтін құнды іс. Іс, кез-келген тарихи құбылыс ішінде жүрген, кез-келген адамда бар. Бірақ істің құндылығы келер уақыт ішінде әр ұрпақ буынның ықыласы мен құрметіне бөленіп, өмір шындығынан әділ бағасын алып отыратын тарихи тәжірибеге толы білімінде. Тұлға ісінің бойындағы білім, алдымен зиялының білігінен шығатын нәрсе. Сондықтан да А. Байтұрсынов сынды ғұламалар адамға, ұлтқа қызмет етуде оның ұрпаққа берер өніміне ұқыпты қарауды дәстүрге айналдырып отырған.

Қазақ зиялылары аз уақыт ішінде ұлы мақсаттарға жүгініп, құнды іс пен рухты бейне қалдырып кетті деп айтсақ, алға тартып отырған ойымыздың үстінен дөп басамыз. Адамның өз заманындағы өзге бір адамнан ерекшеленетін тұлғалығы осында. Жоғарыда айтылған ойларымыз А. Байтұрсыновтың ел мәдениетінің бойындағы тұлғалық бейнесі мен феноменін көрсету мақсатынан туындап отыр. Әрине бұл мәселе туралы пайымдай, зерделей отыру тоқтамайтын ізденіс. Алаш зиялыларының өздері жазған адамның адамдығы, сол адамдықтан шығатын зиялылығы сөз бен істің ұштасып, белгілі бір әлеуметтік мақсат негізінде ұлттық мүдде өніміне айналғаннан кейін ғана көрінбек. Себебі дүниедегі негізгі әділ сыншы халық пен тарих. Сол сияқты А. Байтұрсынов өзінің ұлтқа арнаған өмір жолында өзекті мәселелерді таңдауда білім беру мәселесіне аса мән беріп, оны ұлттық идея тақырыбына айналдырды: «Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет етемін деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенінше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» [4, 241-242 бб.]. Бұл идеяның құндылығы күннен күнге жоғарыламаса төмендемейді. Кез-келген елдің мемлекеттілігі мен мемлекетшілігі халықтың рух еркіндігі арқылы жүзеге асқан. Әлеуметтің рух еркіндігінің бір негізі білімділік, ұрпақты білімділікке, өнерге ғылымға бастайтын оқу – тәрбие ісінің сапалылығы. Адамзат әлеміне байыппен зер салған адамның да, көзіне ілігетін басты нәрсе өнім. Адам ісінің өнімі, сол дәуірдегі оның өзіне және өзгеге тиесілі мүмкіншілігін қаншалықты деңгейде пайдаланып, пайдалана және пайдаланғалы отыр? Бұл соның мысалы. Қай елдің қоғамының тарихын алып қарасақта, А. Байтұрсынов көтерген мәселелердің ақиқатын көреміз. Бұл идеяның философиясын әркімнің қолынан келгенше өзінің қоғамдағы орнын бағалап, елге пайдасы тиетін қызмет атқара білуінен анық байқауға болады. Адам өмірі





философиясының мазмұны да осы міндеттерге тірелін отырған. Өмірдің бағасы адамның санасында, адамның кісілік санасынан туған іс, адамгершіліктің бағамы. А.Байтұрсынов күрделі нәрселердің төңірегінде, өзекті мәселелерді көтере отырып, қоғам ілгері дамуы үшін, әлеуметтің, қоғамның түрлі салаларында қызмет етуші адамдардың сол ұлт қажеттіктері шеңберінде заман талабына лайық болуы шартын атап көрсеткен. Елге арнап жазған мақалаларында бірліктің, еркіндіктің негізі елдік түсініктің әлеуметтік танымдық деңгейлерін былай деп айтып кеткен: «...Қазақтың бас адамдары! Әуелі, сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс-істеңдер.

Екінші, қазақтың байлары, күштілері! Жарлы-жақыбай, нашарларыңды жермен теңгеріңдер. Бір асауға да болса құлдық дейтіндер көбінесе солардан болады. Үшінші, алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істеңдер. Сендер адассаңдар, арттарыңнан алаш адасады: Арттарыңнан ергендердің обал - сауабына сіздер қаласыздар» [4, 230-232 бб.].

Орынды жасалған тұжырым, ұрпаққа айтылған саналы ой. Бізде елді, халықты, ұрпақты ойлап, оның мүддесін қастерлеуге талпынған адам осы сөзден алшақ кетпейді деген ойдамыз. Қарапайым халықта оқушы секілді, ұстаздан үлкен үміт күтет. Сол сиқты алаш зиялыларынан да ел зор үміт күтті. Олардың айтқанын әлеуметі орындады да. Сондықтанда тарихтың шындығын талқылап, құндылығын бүгінмен салыстырып таразылай білген адамға, тарихтағы қазақ елі мен оның зиялыларына айтылар сын жоқтың қасы. Керісінше олар жоғарыда да айтып отырғанымыздай мәңгілік ұлттық идеямыздың үлгісін жасап, «Қазақ идеясына» салмақты үлестерін қосып үлгерді. Соның бір қыры елдің шаруашылығы мәселесі. Зиялыларымыздың ел экономикасын дамыту мақсатында жазған идеяларына тоқталмас бұрын мына бір мәселенің деңгейін жете түсінгеніміз абзал.

Қай уақытта да қоғамның тұрақты дамуына, әлеумет тұрмысының ретті жолмен көтерілуіне кері ықпалын тигізетін сыртқы саяси күштер. Әсіресе бұл тарихтан белгілі, ресейдің түрлі отарлау саясатының салдарынан жасалып отырған басты амалдар, алдымен халық санасын билеп, әлеумет мақсатын жікке бөлу, сол арқылы ел рухын әлсірету болған. Осы бағытта, ел өміріне төніп келе жатқан қауіптің алдын алу мақсатында алаш зиялылары жер, шаруашылық, оқу, өнер, ғылым мәселеріне қатысты көлемді еңбектер жазуды қолға алған. «Айқап» журналының, «Қазақ» газеттерінің беттерінде жарық көрген мақалаларда қазақ елінің ұлттық болмысына, оны сақтап қалудың ұрпақ үшін маңыздылығы атап айтылған.

«Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы орыста. Өдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айрылып қалып жатыр. Жерді қолында қатты ұстау бос ұстау қазақтың өздерінен. Біз оған не істейміз?

Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар. Жерін алдыруға болмаса, алдырмасқа іс қылған қазақ жоқ,





әркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының ғана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасы мен зарарына тіпті қарамайды... Сондықтан жұрт үстіндегі, көп ортасындағы жер гой деп, сатып, пайдаланып қалайын деп ойлайды. Мұжықты қазақ жеріне үйір қылып, қоңсы қондырған әуелде де осылай ойлағандық еді, осы күнде де сол ой қалған жоқ» [4, 228-229 бб.] – деп, өткен ғасыр басында ұлт ұстасы өз заманындағы жұртына тура сөзін айтса, біз бүгінгі қоғам алдында тұрған ұлт қажеттіктеріне қатысты әділ бағасын беретін идея барма? - деп сұрақ қойсақ, тарих пен жаңа дәуірдегі ұлттық идеяның таразы басын теңдестіруге әлсіздік танытып аларымыз даусыз. Осындай заңды түрде орын алып отыратын әлсіздіктің алдын алу мақсатында алаш зиялылары қоғамнан ақиқатты іздеп, туралыққа ғана жүгінген. «Өткендердің көзіне қырау түскеніне өкінбей, өз кезіңе түскен қырауды аршып кара... Амалыңды түзет, түземесең ешкімге кінә қойма?... Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз. Үмітіміздің көбі қошқар, қасқырдың үміті сықылды! Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ ол мақалды ескере тұғын қазақ жоқ... Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз - бәрі надандық кесапаты...

Дүниеде теңге теңдік, кемге кемдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін! Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ», - деп өзі өмір сүріп отырған уақыттағы еліне айтқан А. Байтұрсыновтың сөздері, кейінгі ұрпаққа да үлкен сын [10, 48-49 бб.]. Бұл шындық, ел үшін атқарылатын іс, Абай айтқандай, «ішсем жесем» деген түсініктің басы емес, тұлғалық парыздың жолы. Ұлттық сана – әрбір адамның алдымен, өз басы үшін керек зат. А. Байтұрсынов бастаған қазақ зиялыларының ұлттық идеялық мәнге, әлеуметтік – мәдени құбылысқа ие сөздерінің де, істерінің де жан-жақты зерделей, қабылдай, сезіне білген адамға берер тағылымы, көмектесер тұстары көп. Соның негізгісі елдің тұрмысына қатысты айтылған ойлары.

Әлеуметтің, сол әлеуметтен шығатын жеке тұлғаның да рухани өмірі бір. Адам өз заманында уақыттан ілгері кетсе де, ел тұрмысының кеңістігінде. Бұның мәнін терең түсінетін зиялы адам. Яғни сол уақыт шеңберіндегі жеке адам мен әлеумет мүддесіне тәуелді зиялылықтың мәні, өзіңнің жеке мүддеңе ғана емес, өзіңнің өзгеге тигізер пайданды немесе, өзге арқылы өзіңе келіп тірелетін жалпыға ортақ істің ақиқатын тану, мәні жөнінде пайымдау. Бір адамның әлеумет үшін, әлеуметтік ортақ мақсатқа жүгінуі тарихи уақыт ішіндегі сол бір халықтың, елдің тұлғалық сипатын анықтап отыратын мән. Бұл ойды не үшін алға тартып отырмыз? Неміс философы Гегель жазған: «Шынайы субстанция дегеніміз – халық, шынайы сана дегеніміз – халық азаматы» [11, 237 б.]. Әлеумет мүддесі жеке тұлғаның рухани қазығы, зиялылық сол мүддеге



негізделген адамның елдік санасы мен түсінігінің шынайы өмірде нақты көрніс тауып отырған бейнесі. Тұлғаның халық мүддесіне бағытталған іс-әрекетінің өнімі, немесе адам мұратының ұлттық мүдде деңгейіндегі бағыт-бағдары зиялы адамның міндетіне жүктелетін ұлттық қажеттіктердің түрлерінде айқындайды. Сондықтанда өз ұлтының мүддесінің бойында ортақ практикалық мәселелерге шоғырланған қазақ зиялыларының рухани тұлғасын, рухани-әлеуметтік құндылықтар тұрғысында зерделеп, идеяларын түрлі ұлттық болмыс шеңберінде ғылыми, экономикалық мәселелелер тұрғысында пайдалануымызға болады. Мәселен жаңа уақыт табалдырығында тұрған ұлт шаруашылығына қатысты А. Байтұрсынов мынадай өзекті ойлар айтқан болатын: «...білім дәрежесі неше қабат. Қазақтың мал ұстау турасындағы білімі ең төменгі қабатында. Қазақтың бұл білімі жердің молшылығында ғана білім болып жүр. Жер тарылса, бұл біліммен мал бағып күн көруге болмайды.

...Ол білімнің нашарлығы қазіргі жердің молшылығында сезілмейтін шығар, жер таршылыққа айналса, тез-ақ сезілер. Аз жерді осы күнгі қалпында тұтына бастаса, жерін тез ақ тоздырмақшы. Тозған жер жаңарып жетілуіне қазақ ждаласында 15-20 жыл керек. Қала боламыз деп 15-тен жер алғанда бұрынғы молшылық қалыппен ексе, оған өлшеулі жер шыдарма?» [4, 241 б.].

Көпшілікке айтылған бұл сөздің мәнінде, ұлттың тұрмыс тіршілігінің негізі жерден айрылып, шаруашылық өрісі тарылған сайын тұтыну мәдениетінің жаңа технологиясын қажет ететін әлеуметтік қажеттіктер санының ұлғаятындығы тұр. Алаш зиялысы осылайша ел, ұрпақ, ұлт алдындағы парызын адал атқарып кетті. Өмірдің адамнан, адамның қоғамнан талап ететін құндылықтарының таразы басын теңдестіре алды. Өмірдің мәніне қатысты сауалға жауап іздемесе де, ел тарихының рухани кеңістігіне әр қашанда мән-мағына беріп отыратын іздер қалдырды. Сол із бүгінгі біздердің ұлттық ойлауымызға ықпал етіп, ғасырлар бойы ұлт зиялыларының рухани қызметі негізінде жетіліп, дамып отырған «Қазақ» идеясының қайта жандануына ұйытқы болып отыр.

Өткен ғасыр басында: Ұл туып ұлы жолда қызмет етсе, Одан зор ұлтқа барма ырыс деген?! [7, 25 б.] – деп ұлт ұстазы А. Байтұрсынов жазып кетсе, бұл идеяның алдағы уақыттарда да «Қазақ идеясының» дамуына, ұлт мүддесіне қызмет етуді азаматтық парыз деп түсінетін әр ұрпақ буынның, елдік санасының оянуына тікелей ықпал етіп отырары анық. Себебі зиялыларымыздың бойындағы Алаш рухы, қазақ рухының тірегі, Қазақ рухы ұрпақ бойындағы еркіндік пен азаматтықтың өрісі. А. Байтұрсынов бастаған зиялыларымыздың ұлттық әлеміміздегі рухани тұлғасы, олардың жүріп өткен жолдары мен тұлғалық феноменін, тектілігі мен даналығының келбетін толықтай зерделеп, көрсеткеннен кейін ғана адамзат өркениетінің бойына тегіс тарап, толықтай ұлттық идеямыздың өзегіне айналары ақиқат. Алаш зиялыларының тұлғасын





тану - қазақты тану, қазақ идеясын жетілдіру өмірлік міндет. Бұл болашақтың да ісі. Себебі зиялылықта, тұлғалықта, ұлт мәдениетінің негізінен шығып, ұлт мәдениетінің кеңістігінде ұлт рухының өрісіне еніп отыратын құбылыс.

#### Әдебиеттер

- 1 Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу).- Алматы: «Ақыл кітабы», 1999. - 240 б.
- 2 Есламғалиұлы М. Әйтеке би (Тарихи философиялық диалогия) // Жұлдыз. - 2003.- № 5. - 82 - 118 бб.
- 3 Бекмаханов Е. Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы. Тарихи монография // Жұлдыз. - 1991. - № 1. - 111 - 127 бб.
- 4 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құрастырған Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991 – 464 б.
- 5 Байтұрсынов А. Бес т. Шығ жинағы. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003-408б.
- 6 Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 бет.
- 7 Байтұрсынұлы Ахмет. Жан сөзімді кім түсінер? – Алматы: Қазақстан, 1994. – 112 б
- 8 «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -560 бет.
- 9 Жұртбай Т. Өмір үшін өнерінен бас тартқан // Абай. - 1995. - № 1 - 2. - 186-187 бб.
- 10 Айқап / құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. - 367 б.
- 11 Гегель Г. Ф. Феноменология духа / пер. Г. Шпета. - СПб.: Наука, 1992.-443





**Б.Е. ОТАРАЛИЕВА**

## **САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ДАМЫТА ОҚЫТУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Қазіргі кезде республикамызда білім беру ісін жаңартудың негізгі ұстанымдары ретінде демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдары анықталды. Еліміздің болашақ көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді:

Қазақстан Республикасының Білім беру заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделді.

Осы міндеттерді шешу негізінде білім беру саласындағы басты проблема-элеуметтік- педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізу және жаңа, тиімді әдістерін іздестіру болды. Олардың талабы бойынша оқытудың басты мақсаты: өздігінен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін біріншіден, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру, екіншіден оқушылардың қабілетін анықтау. Үшіншіден білім деңгейін анықтай отырып, өз бетімен жұмыс жасауға үйрету. Төртіншіден оқушылардың даму деңгейін қадағалау, даму мониторингін құру. Бесіншіден әр оқушының стандарт көлемінде тиынақты білім алып шығуына көңіл бөлу. Алтыншыдан қабілетті оқушылардың даму деңгейін шығармашылыққа ұштастыру.

Ұлы педагог Л. Выготский « Әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықтап беріліп, әр баланы өзінің даму зонасында жетілдіру керек» деген болатын.

Міне, осы мәселелерді жүзеге асыру үшін, өсіп келе жатқан жас ұрпақты заман талабына сай оқытып, білім беруде жаңа технологияларды қолданудың қажеттілігі туындады. Солардың бірі дамыта оқыту технологиясы.

Мақсаты:

- *әрбір оқушыға оқып-тану үрдісінің өзіндік өзгеретін субъектісі ретінде дамуға жағдай жасау;*
- *қасиет – қабілеттерін дамыту;*
- *оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамыту;*

Міндеттері:

- оқушылардың базалық білім, ептілік, дағдыларын ( білім беру стандарты бойынша) оқыту үрдісінде оқушының теориялық және өнімділік ой құрастыру әрекеттерін, танымдық қабілеттерін белсендіру;



- оқушылардың танымдық қызығуларын, оқуға деген мотивациясын дамыту;
- оқу материалын игеруде және іс-әрекеттерінде жете ұғынуға талпындыру;
- белгілі бір мәселе шешуде оқушылардың ынтымақтастығын, серіктестігін ұйымдастыру;
- көбіне оқу жұмысының топтық түрлерін қолдану;
- оқушылардың өзіндік жұмыстарының ізденісті-зерттеу түрлерін ұйымдастыру;
- оқу үрдісінде компьютерлік технологияларды қолдану;
- оқыту барысында әр түрлі шапшаңдықпен және әр түрлі көлемді оқу материалын игерудің мүмкіншілігін ашу;
- дамытушы оқытуға арналған ойындарды қолдану;
- жаттығу сабақтарын сапалы ұйымдастыру

Мазмұнының негізі:

дамыту үрдісіндегі оқушылардың игеретін іс-әрекеттерді қалыптастыру ұстанымдарын анықтайтын ғылыми түсініктер.

Принципі:

- сабақтың құрылымын проблемалық сабақ ретінде құру;
- оқушылардың ойлау қызметін белсендіруде практикалық, теориялық сияқты түрлі ой операциялары мен ой амалдарын қолдана отырып сапалы түрде теориялық ойлауын дамыту ұстанымы;
- пәнді оқытуда индивидуалдық және саралай оқыту талаптарын ескеру;
- оқушылардың тілдік құбылысты оқып-меңгеруіндегі ой қызметінің қадамдық, сатылық, проблемалық, шығармашылық қызмет түрлерін қалыптастыру;
- оқытудың ғылымилығы мен жүйелілігі.

Әдіс-тәсілдері:

- оқу мақсаттарының қойылуы;
- ізденушілік-зерттеушілік әрекеті
- табылған шешімді дәлелдеу;
- шешімді тексеру.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл- ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Дамыта оқытудың тағы бір ерекшелігі сынып оқушыларын «жақсы», «жаман» оқушылар деп бөлмей, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтуы.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту



сабақтары деп білеміз. Мұғалім оқушылардың танымдық іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруде мыналарды ескеруі керек.

1. Танымдық тапсырмалар мазмұнын, түрін ойлап табу және оларды іріктеуде оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескеру
2. Шығармашылықты қажет ететін кәсіби маңызы бар тапсырмаларды беру
3. Көркемдік шешім табу, образ жасау, модель құру үшін негіз боларлық жағдайлар тудыра беру
4. Тапсырмаларды жоспарлауын және оны жетілдіруге көмек көрсету
5. Жоспар бойынша іс-әрекет тәсілдерін ұйымдастыра білуін қадағалау
6. Оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуін ұйымдастыру

Мұғалім оқушының танымдық іс-әрекетте жоспарлау білігін дамыту мақсатында арнайы тапсырмалар дайындау қажет. Жұмыстың 1 кезеңінде мұғалім оқушыларға жоспар құрудың әдістемесін көрсетеді. Келесі кезеңде оқушылармен бірлесе отырып жұмыс жоспарын құрады, бағыт береді. 3 кезеңде деңгейлік шығармашылық тапсырмалар беріледі. Нәтижесі ұжымдық сипатта талданады.

Осындай кезеңдерді басшылыққа алғаннан кейін сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды:

1. Зеректік
2. Зейінділік,
3. Байқағыштық,
4. Ойлау,
5. Сөйлеу дербестігі

Дамыта оқыту сабақтарында оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру барысындағы оқушының жетістіктері:

1. Білімді өз бетінше алуы және оны түрлі нақты жағдайда қолдана білуі
2. Іргелі білімдерге қол жеткізу
3. Танымдық тапсырмаларды шешу біліктері
4. өзбетіндік оқу әрекетіне қызығушылығы, әрекет тәсілдерін білуі
5. Тұтас педагогикалық үрдісте мұғалімнің оқуы мен мақсатты өзара әрекеті
6. Әрекетке бейімделуі мен өзін-өзі бақылау

Дамыта оқыту сабақтары оқушыларды осындай жетістіктерге жетелейді.

Біз дамыта оқытудың педагогикалық жұртшылық санасына сіңгенін және бүкіл білім беру жүйесіне әсерін тигізіп жатқанын білеміз. Барлық істерімізде Л.С. Выготский, В.Занков, В.Давыдов, Б.Эльконин ойларын басшылыққа аламыз. Қазіргі таңда дамыта оқыту технологиясы бойынша зерттеулер жүргізіп, оқу - әдістемелік құралдар жазған Б. А. Тұрғынбаева, Н.Ә. Тойбазарова секілді ұстаздарымыздың көп жылғы ізденісі мен тәжірибелерінің қорытындыларын өз сабағымызда пайдаланамыз. Нағима Әмірханқызының «Дамыта оқыту» еңбегіндегі сабақ құрылымы өте тиімді. Ол мынадай үш кезеңге бөлінеді:


- бағдарлау - мотивациялық кезең;
- операциялық- орындаушылық кезең;
- рефлексиялық- бағалау кезең.



Дамыта оқыту сабақтарының тиімділігі:

- Сабақ мазмұнының сапасы артады.
- Оқушылардың жеке, дара ерекшеліктеріне сай танымдық қабілеттері дамиды.
- Оқушылардың жауапкершілігі артады, шығармашылығы қалыптасады.
- Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады.
- Жүйелі оқыту принципі арқылы оқушы өз- өзін дамытып, өзін- өзі бағалап қортынды шығарады, жаңалыққа ұмтылады.

Педагогика ғылымында «еш нәрсе қабілеті жоқ бала болмайды» деп дәлелденген. Осы аксиоманы басшылыққа ала отырып баланың таным қабілеті мен білім деңгейін саралап, шығармашылыққа жетелеу басты міндетім.



**С.А.УТАЛИЕВ**

### **ХОРЕЗМИЙСКИЕ КАРАВАННЫЕ ТРАССЫ В ЕВРОПУ В ЭПОХУ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ**

В XII- начала XIII вв. Хорезм превратился в могущественную империю мусульманского мира. Границы государства расширились от Ирака на западе до Жетысу на востоке, от кыпчакских степей на севере до Индии на юге.

Возвышение государства Хорезмшахов в XII- XIII вв. в значительной степени зависело от широких международных торговых связей и развития регулярных караванных сообщений. Книги средневековых путешественников и географов полны сообщениями об огромной роли торговли в жизни этого государства. Важнейшими направлениями хорезмийской торговли были экономические связи с хазарами [1], булгарами [2], славянами и другими народами Восточной Европы. Большое значение имела торговля и с огузами, кочевавшими западнее и северо-западнее Хорезма.

Важнейшим торговым центром Хорезма был Ургенч. «Он место торговли с гузами и оттуда отправляются караваны в Джурджан, к хазарам и в Хорасан» - сообщает ал-Истахри [3].

Из Хорезма в Восточную Европу, Поволжье, Кыпчакские степи имелось две караванные трассы. Первый из них шёл от Ургенча на запад. Дорога поднималась на плато Устюрт по подъёму Каскажол, шла южнее солончака Барса-Кельмес на Мангыстау, откуда путь продолжался по Каспийскому морю на судах Нижней Волги. Вторая дорога начиналась от Ургенча на северо-запад (по территории нынешнего Кунградского района Республики Каракалпакстан), проходила через рабат Замджан, называемый в источниках «Воротами тюрок» и селение Хабаб и затем поднималась на плато Устюрт по Караумбетскому подъёму. Караумбетский подъём, по мнению Я.Г. Гулямова, является наиболее удобным для прохождения караванов[4]. За рекой Эмбой (Жем) этот путь разветвлялся на два направления: одна к хазарам, другая к булгарам.

Путь из Хорезма в Поволжье (к булгарам) наиболее подробно описал средневековый автор и путешественник Ибн-Фадлан [5]. Маршрут к печенегам из Хорезма через Устюрт описывает в XI веке и Гардизи [6].



Уталиев С.А.

Интересно отметить, что Ибн-Фадлан, Гардизи и другие средневековые авторы не упоминают в своих заметках, о каких либо караван-сараях, что даёт нам основание полагать об отсутствии сооружений на устюртских трассах в X веке.

У путешественника и посла Римского папы Иннокентия IV Плато Карпини (сер. XIII в.) к монгольскому кагану Гуюк-хану вообще отсутствует всякое замечание о зданиях, хотя он вскользь замечает, о своем проезде через земли «бессерминов»(хорезмийцев), где увидел «бесчисленные истребленные города, разрушенные крепости и много разрушенные крепости» [7].

Кратко описываются развалины караван-сарая в книгах русских исследователей XIX века В.А. Левшина, В. Григорьева. И.А. Кастанье [8]. А. Левшин указывает две дороги, проходящие по меридианам Аралокаспийского пространства. Караванные дороги из Хорезма в Восточную Европу в большинстве изучены археологическими исследованиями. Путь из Ургенча в Мангыстау, пока по существу не обследован. Трасса из Ургенча на северо-запад обследовался во время маршрутных работ Хорезмской экспедиции: авиаразведки 1946 г. во главе с С.П. Толстовым [9], маршрут 1950 г. из Сарайчика в Ургенч [10].

Устюртские караван-сарай Белеули, Булак, Косбулак, Учкудук, Чурук схожи по планировке. Они имеют либо прямоугольную форму, но приближающуюся к квадрату, либо просто квадратную форму. Памятники по размерам близки между собой и сложены из плиток устюртского камня размерами 30-33x30-33x6x10 см.

Наиболее характерным и лучше всего сохранившимся из них является караван-сарай Белеули. Памятник находится в центрально-восточной части плато Устюрт на середине меридиональной, к северо-западу, линии, на почти равном расстоянии по отношению современных городов Кунград и Бейнеу. Он расположен на дне неглубокой, незначительной по размерам бессточной котловины. Материал, из которого был построен памятник, сложен из блоков ракушечника, карьер которого, кстати, расположен недалеко от сооружения.

Недавно, почти до наших времен, существовал портал, который был виден за 10-12 километров.

Здание караван-сарая в плане прямоугольное размером 35,3 x 29 м. Оно ориентировано углами по странам цвета. Углы караван-сарая укреплены башнями, круглыми в плане, диаметром около 3,2 м. Плитам, из которых они построены, придана округлая форма [11].

До 1972 года в тимпанах арок находились барельефы изображения львов. Они выполнены на плитках прямоугольных очертаний с одним срезанным углом. Украшающие портал два геральдических льва исполнены в виде плоских рельефов. Звери стоят на трех лапах, четвертая поднята, хвост с пышной кистью закинут на спину. В мусульманском искусстве встречаются изображения львов и других животных из семейства кошачьих (барсы, леопарды) в разное время, однако композиция, украшающая рассматриваемый памятник, ближе всего стоит к изображениям, относящимся к XI-XII вв. К домонгольскому же периоду относится и тип стрельчатой арки.



черты, роднящие их с Белеули. Например, квадратные кирпичи Учкудука (30х30х6 см), тесаные камни Коскудука такой же формы и размеров, как и в Белеули. Все эти караван-сарай схожи в планировке и почти совпадают размерами, что говорят об их стандартизации по устюртской торговой трассе. Это позволяет объединить их в единый архитектурный комплекс, следовательно, строительство этих памятников можно отнести к XI-XII вв. С.П. Толстов в своём отчете о работе маршрутного отряда 1950 года, пишет, что возникновение караван-сараяев относится к концу XI-XII вв., когда торговые и политические интересы Хорезма связывали его с Поволжьем и Восточной Европой [12]. В XII веке начинается подъём Хорезмийского государства, оживляются его торговые связи и создаются благоприятные условия для строительства караван-сараяев на Устюрте. По мнению исследователей, для феодального Востока в это время характерна правительственная забота о караван-сараях, дорогах, мостах [13].

Широкое использование караванных путей по Устюрту приходится к XIII-XIV вв., т.е. во времена сложения и расцвета Золотой Орды. На рубеже XIV-XV вв. происходит прекращение функционирования караван-сараяев. Это подтверждается фактом политической истории. Уничтожение Ургенча в 1388 году и вслед за этим разгром Золотой Орды в 1395 г. Тимуром [14], участвовавшие в это время набеги кочевников на Хорезм и обострение феодальных противоречий внутри страны – всё это привело к перемещению торговых путей из Восточной Европы в Среднюю Азию. С конца XIV века они проходили через Трапезунд и Самарканд, минуя северо-западный Хорезм.



### Устюртский караванный путь

### Литература

1. Материалы по истории туркмен и Туркмении, т.1. М.-Л., 1932, с. 180, 202, 216.



2. Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу. М-Л., 1939.
3. Материалы по истории туркмен и Туркмении, т.1. М-Л., 1932, с. 178.
4. Я. Г. Гулямов. История орошения Хорезма. Ташкент, изд. АН УзССР, 1957, с. 139
5. Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу. М-Л., 1939.
6. В.В. Бартольд. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893-94 гг. СПб. «Записки Императорской Академии наук », 1897, т. 1, № 4, с. 119-120.
7. Джиованни дель Плано Карпини «История Монгалов» в книге Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома Рубрука. Алматы, 1993, с. 64.
8. В. Григорьев. Описание Хивинского ханства и дорогоа туда из Сарайчиковой крепости. СПб., 1861; И.А. Кастанье. Древности Киргизской степи и оренбургского края. Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Выпуск 22, Оренбург, 1910; А. Левшин. Описание киргиз-кайсацких орд и степей, ч. 1, Алматы, 2003.
9. С.П. Толстов. По следам древнехорезмийской цивилизаций. М., 1948.
10. С.П. Толстов. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиций АН СССР в 1949-1953 гг. ТХАЭЭ. т. 2, М., 1958.
11. Ю. П. Маньлов Археологические исследования караван-сараев Устюрта, Археология Приаралья, 1982, с. 103
12. С.П. Толстов. По следам древнехорезмийской цивилизаций. М., 1948, с 135
13. Г.А. Пугаченкова. Пути развития архитектуры Южного Туркменистана поры рабовладения и феодализма. М.1958, с. 240
14. Б.Д. Греков и А.Ю. Якубовский. Золотая Орда и её падение. М-Л., 1960, с. 272

### Түйін

Мақала авторы Ортағасырдағы Хорезмнің Еуропаға керуен жолдарын анықтаған.



**С.А. УТАЛИЕВ**

## **К ВОПРОСУ ЗАХОРОНЕНИЯ СРЫМ БАТЫРА**

Имя Срым батыра дорого каждому казаху. Человек большого мужества и гордости, борец за независимость казахского народа он до сих пор в доброй памяти поколений. В истории он остался первым казахом, старшиной крупного рода (байбакты), который в течение почти четырнадцати лет (1783-1797) воевал за интересы простых казахов с регулярной русской армией, уральскими казаками, султанами-ставленниками империи. Его вооруженное сопротивление первоклассной русской армии, времен императрицы Екатерины II, широко овящено в истории и мы не будем подробно останавливаться на этом. Нас интересует его дальнейшая история, которая обрывается 1802 годом с его смертью.

После избрания в 1797 году султана Айчувака ханом Младшего жуза Срым батыр отходит от политической жизни в степи. Оторванный от своего рода, потерявший поддержку среди родовой знати поколения Алимұлы, которая спокойно приняла назначение нового хана, Срым батыр в конце XVIII века, преследуемый султанами, во главе с Каратаем, ушел в пределы Хивинского ханства. О его дальнейшей судьбе никаких письменных сведений не сохранилось. Народные предания говорят, что Срым батыр был отравлен в Хиве по проискам султанов [1].

Единственное документальное свидетельство о смерти Срым батыра содержит записка русского офицера Я. Гавердовского, который записал в 1803 году со слов аксакалов - казахов рода Шекти и некоторых других подразделений поколения Алимұлы на землях северо-восточнее Аральского моря. Являясь руководителем русской торгово-политической миссии в Бухару ко двору эмира Хайдара, он вместе со своими людьми попал в плен к казахам, кочевавших на территории современной Кызыл-Ординской области. Несмотря на это, он сумел собрать оригинальные этнографические и географические материалы о Казахстане. Так вот. Описывая асы (тризна), которые казахи совершали по своим умершим сородичам в годовщину их смерти, Гавердовский пишет: «Для объяснения, сколь далеко могут простираться сии убытки, предложим в пример тризну, данную в память Срым батыру, скончавшему жизнь свою за несколько месяцев до вступления нашего в степь» [2]. Караван Гавердовского выступил в степь в феврале 1803 года; значит, вероятнее всего, что Срым батыр погиб в 1802 году.

Теперь к вопросу о месте его захоронения. Вот уже много лет идет дискуссия, где же все-таки находятся останки великого батыра. Несомненно одно, что он погиб на территории «Бескалы» (так казахи испокон веков называли территорию южного Приаралья). Широко известен менталитет казахского народа к бережному сохранению своей культуры, особенно устного народного творчества, которые от поколения к поколению свято передаются через века. Примером может служить идентификация могилы и последующее строительство в 2007 году Жиренкопе



(Актюбинская область) мавзолея легендарному батыру Кобланды. Особенно бережно сохранили память о Срым батыре казахи, проживающие в Каракалпакстане, Хорезме. Один из информаторов был Калмахан Искахов (1908-1991). В 1990 году он проживал в городе Нукусе, и мы с отцом навестили его дома. Восемидесятилетний аксакал (признанный знаток родословной казахов «шежіреші») в многочасовой беседе поведал нам о неизвестной истории нашего батыра. Ему в свою очередь ценные сведения передал его учитель Аяп Темирбеков, родившийся в 1903 году в Карабутаке (Актюбинская область) и который в 1937 году будет вынужден уйти в пределы Каракалпакстана. Так по словам Калмахан Искахова его наставник повел тогда еще молодого парня к могиле Срым батыра и показал место захоронения. В свое время Аяпу Темирбекову это место показали аксакалы проживавшие на этой местности. Местность это называлась (и сейчас так называется) «Кожаколь» на Бестобе недалеко от Нукуса (правобережная Амударья). Независимо от Искахова аналогичные сведения передал нам другой информатор Мухаммедин Маркабаев (родился в 1910 году в Каракалпакстане).

Вот слова которые нам поведал Калмахан Искахов.

«... Около 30 тысяч русских казаков, их приспешников из числа врагов Срыма батыра держали под контролем территории прилегающие к Яику. С оставшими верными сарбазами Срым был вунужден покинуть родную сторону и уйти в пределы Хивинского ханства. Хивинский и бухарский хан тоже мусульмане, должны помочь, а после мы еще поборемся в родных степях – такими думами батыр двигался на юг. Рядом с ним находились его 20 доверенных джигитов из родов Младшего жуза – алаша, байбакты, ысык, таз, есентемир, шеркеш. Еще раньше старики предупреждали его перед уходом в Хиву: «Сарту(узбеку) не верь, русскому не верь! Не ешь еду приготовленного людьми хивинского хана, кушанье пусть готовят свои джигиты!». По дорогам древнего Великого шелкового пути (устюртская часть), через спуск Каскажол Срым со своими людьми прибыл в Хиву, где попросил помощи. Но хивинский хан уклонился от прямого ответа. Так и не дождавшись помощи, Срым летом по совету стариков, которые побывали в некоторых казахских аулах в целях разведки, принимает решение направится на родную сторону, опасаясь козней хивинского двора. Из Хивы Срым со своими сторонниками двинулись к Гурлену, а дальше внезапно переправились на правую сторону Амударьи возле местечка Кыпчак (сегодня на этом месте действуют паром и понтонный мост, а с давних времен это место считается самым удобным местом для переправы). Пройдя возле Кыпчака они по отрогам Каратауского нагорья начали приближаться к местности Бестобе. К этому времени у Срым батыра внезапно ухудшилось здоровье, началось кружение головы, подступила тошнота. В этот момент он понял, что был отравлен людьми хивинского хана. Люди Срыма были удивлены этим обстоятельством, так как они не ели и не пили с дастархана хивинцев, а пищу готовили сами. «Смотрите»-молвил Срым своим джигитам указывая на стремена коня. Они отравлены. Сила яда оказалась такой сильной, что его действие проникло через обувь и вошло в организм батыра. Соскочив со своих коней джигиты Срыма уложили на конскую попону. «Я отравлен. Так распорядилась судьба. Похороните меня здесь»-таковы были



последние слова батыра. Выполняя последнюю волю Срым батыра джигиты похоронили его здесь же, на берегу озера Кожаколь, в десяти километрах от захоронения Адай Косай баба, возле кладбища Кезек (Кезек - казахский батыр из рода Алим погиб в битве с волжскими калмаками во времена Жалантос бахадура и хана Жангира XVII в.). Похоронив своего предводителя, около двадцати джигитов начали держать совет. Из-за нашей оплошности мы погубили Срым батыра и теперь какими лицами мы предстанем перед сородичами, какими глазами мы посмотрим на всех. Будь что будет. Мы останемся рядом со Срым батыром – такому решению пришли его джигиты. Так двадцать джигитов Срыма навсегда остались на этой территории. На территории современного Каракалпакстана казахские роды таз, шеркеш, байбакты, есентемир, алаша, ысык являются потомками этих двадцати джигитов Срым батыра». Эти слова аксакала, информатора Калмахан Искахова безусловно являются чистой правдой, так как истинная информация от поколения к поколению дошла в первоизданном виде до наших дней. Таким образом, можно с уверенностью констатировать, что могила Срым батыра находится в 20 км. от Нукуса, между Каратау и Бестобе, на берегу озера Кожаколь. Автор в свое время посетил это место, где обнаружил валун на месте могилы Срым батыра и дощечку с его именем, которую время от времени обновляли местные казахи. Дальнейшее исследование могилы должно поставить все точки над *i*, над вопросом идентификации останков батыра. Надо провести анализ ДНК батыра и современных его родственников.

Теперь остановимся на статье «Сырым батырдың мазары табылды» («Найден мазар Срым батыра») опубликованный в газете «Ана тілі» от 12-18 июля 2007 года. Краевед из Уральска Жайсан Акбай на наш взгляд необоснованно категорично утверждает о нахождении могилы Срым батыра на территории Хорезмской области в Гурленском районе, ауле Майлы шенгель в результате этно-археологической экспедиций. Основываясь на рассказах местных жителей узбеков (подчеркнуто нами), он «констатирует» факт, что на это неизвестное захоронение с давних времен приходило много казахов и читали молитву по усопшему («құран»). На этом месте было со временем был построен мавзолей. На этом мавзолее было «проведено исследование» и по особенностям строительства, куполу и др. уральские краеведы пришли «верному» выводу, что здесь похоронен не кто иной, как Срым батыр [3]. На этом месте действительно стоит здание – кирпичный мавзолей с двумя куполами почти современного вида. Это не доказательство истинного захоронения батыра. Тем более это место местное население с давних времен отождествляло с именем «Қайып ата». Также на фоне старинного кладбища как-то нелепо смотрится с «иглочки» полусовременное здание-мавзолей. Справедливости ради отметим, что вышеупомянутая экспедиция провела «исследование» на Бестобе возле некрополя «Гіжік» («Кезек»), (кстати истинное место захоронения легендарного казахского батыра), но в результате обследования тамошних трех мазаров (мавзолеев) пришли к однозначному выводу: «батыр здесь не похоронен». Хочется отметить, что казахи Каракалпакстана, Хорезма никогда не произносят имя Кезек батыра туркменским и узбекским словом «Гіжік». Отсюда можно заметить, что информаторами



уральской этно-археологической экспедиции были местные туркмены или узбеки-сарты, а не истинные носители информации – казахи «Бескалы» (так называли казахи древних времен территорию южного Приаралья). Таким образом, члены уральской экспедиций дали неправильное место захоронения великого батыра. Надо еще сказать, что в наши дни казахов на этих территориях остается все мало и мало. Захоронение Срым батыра находится без присмотра. Не построен до сих пор мавзолей над его могилой и не увековечен ему памятник. Через некоторое время его могилу практически нельзя будет найти.

#### Литература

1. ЦГИА КазССР, ф. 544, д. № 227, л.6 об; Вяткин М. П. Батыр

Срым. Учебное издание. Алматы, 2002.

2. Гавердовский Я.П. Обзорение киргиз-кайсацкой степи. ч.II. Архив Ленинградского отделения института истории России. №34329. л. 95
3. Газета «Ана тілі» от 12-18 июля 2007 года, с. 3, на каз. яз.

#### Түйін

Мақала авторы Сырым батырдың өмірі мен жерленген жері туралы жазған.



**А. С. ДАУЛЕНОВА**

## **ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МОРАЛЬДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазақ жырауларының дүниетанымы, философиялық ойлары төл философиямыздың қалыптасуына бірден-бір рухани негіз бола алады деп есептейміз.

Олардың айтқан жыр-толғауларында тарих шындығы, адам, қоғам, табиғат мәселелері негізгі өзекті орын алады.

Қазақ жырауларының шығармалары халық ауыз әдебиетімен, көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасымен тығыз байланысты болып, бар болмысында ойлы философиялық, тарихи сабақтастық принциптері қатар жүріп отырады.

Өздерінің көптеген шығармаларында олар этикалық тақырыпты тереңірек өрістетеді, замандастарын жақсылық пен абырой жолын таңдауға шақырады. Ерік, олардың шығармашылығында мүлдем беймәлімсіздіктің көрінісі, алай-да ол субъекті рухының пәрменді қасиеті ретінде көрініс табады: оның ақылы мен таңдау бостандығы, сондай-ақ оны жетілуге қарай қозғайтын әміршілдік.

Қазақ халқы сияқты поэзия жанрын сан қырынан түрлендіріп, оның тақырыбы мен идеясын құбылта жетілдірген халық аз емес. Өлең сөз өзінің тек сыртқы құрылысымен ғана өлшеніп қоймаса керек. Оның ішкі мағынасы, айтушының меңзейтін ойы, халыққа берер өнегесі мен ұстанатын бағыты – толғаудың мәңгілікке жетелейтін негізгі көрсеткіштері. Қазақ халқы сөз құдіретіне терең мән берін, оның терең ой мен желдірме сөздермен ластанбауын қадағалап отырған. Сондықтан халқымыздың жадында сақталған мұраларда халықтық деп атауға ұяларлық туындыларды кездестірмейміз. Алдыңғы аға буын жыраулар өзінен кейін өсіп келе жатқан жырауларға үлгі болып, кемшін тұстарды түзетуге қамқорлық жасағаны бірді-екілі мысалмен шектелмейді. Ол дәстүрге айналған. Өйткені поэзия – халықтық өнердің бір-екі ғасырлық рухани қазынасы емес. Ол-мәңгілік.

Жыраулар қазақтың сол кездегі тұрмыс салтына, әдет-ғұрпына байланысты асыл сөздерін аямады; бір ескеретін жәйт, бұл жыраулар барды бар деп қана қоймай, сол салтты қалайша ұлылап ұстауға болатынын болжап жыр жырлады. Санаулы шумақпен сан ғасырлық рухани азықты мұралыққа қалдыру кез-келген елдің шығармасында кездесе бермейтін әдеби құбылыс.

Иман-қой, ақыл-қойшы, нәпсі-бөрі,

Бөріге қой алдырмас ердің ері.

Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,



Лавленова А.С.

Жоламас ешбір пәле, шайтан – пері - дейтін Шал ақынның небәрі төрт-ақ жол өлеңінде талайларды ойға қалдырарлық астарлы мән жатыр емес пе?! Татымды тенеулермен адам бойындағы кереғар қасиеттердің артыс-тартысын бейнелеуде философиялық ойға барып, иманның таза болмағы неге байланысты екенін ашып береді. Осы тақылеттес жырлар бір жағы жыраулар шығармашылығының құндылығы десек, екінші жағынан жыраулар көтерген мәселелердің мәңгіліктігінде.

Жыраулар жырлаған адамның басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намыстылық, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар аруағы мен ақсақалдарды сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, әділдік, қанағатшылдық және т.т. Басқаша айтқанда, этностың басты ұғымдары кісіліктің төңірегінде топтасқан.

Философияның негізгі нысанасы – адам. Өйткені философияны оқитын да, өмірде пайдаланатын да, тәрбие алатын да адам. Сондықтан философиялық ойдың қандай болмағын сол философиялық ойды жасаушы ақын, жырау, жыршы біледі. Ал оны бағалап, бағасын беретін тағы да адам.

Бірақ, қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулар айшықтаған әдеп ұстанымдары батыстық этика ұғымдарынан басқаша, өзіндік бітімі бойынша тұжырымдалады. Біріншіден, кісілік қасиеттер ауызекі поэтикалық арнада көркем суреттемелер арқылы берілген. Екіншіден, әдеп нормалары (кісілік белгілер) қазақы руханиятта құқықтық діни, көркем өнерлік нормалармен синкретті әрекет еткен. Үшіншіден, әдеп нормалары жырауларда ауызекі мәдениеттің көне үлгілерін қамти отыра жырланған.

Хандық дәуіріндегі жыраулардың морльдық түсініктері фольклор үлгілерімен үндес келеді. Өйткені олар бір этномәдени кеңістікте қалыптасқан. Хандық дәуіріндегі ақын-жыраулардың моральдық ойларының философиялық негіздерін қарастырғанда олардың исламдық және байырғы нанымдардың синкретті қосындысы екендігіне назар аудару қажет. Бұл сипатта екі қайшы пікір бар екендігін атап өтуге болады. Кеңес Өдағында қазақ жырауларының діни өкілдерді сынаған кейбір жолдарынан олар исламды онша қолдамады деген тұжырым жасалды. Бұл сарын соңғы жылдары жазылған кейбір зерттеулерде кең орын алады. Мысалы, қазақ халқының "Аңқау елге арамза молда", "Молдаға мал қайғы, момынға жан қайғы", "Мың күн жұмақтан-бір күн тірлік", "Дін қараңғы ін" сияқты мақалдарынан қазақ дүниетанымына материализм мен пантеизмнің кейбір көріністері тән болды деген сараптаулар да кездесіп тұрады.

Жыраулар өмірдің өткіншілігін, дүниенің опасыздығын айтып, философиялық түйіндеулер жасайды. Пенденің көзі мен көңілі тойымсыз, ашқарақ көңіл ішсем, жесем, байысам, қуансам, құшсам, сүйсінсем деп еш басылып болмайды. Дүниені жиған үстіне жинай берсем, жұрт менің байлығыма қызықса, тіпті кезі келгенде аяғыма жығылса деп армандайды. Тоқтамы, шүкіршілігі кем адамдар сол арманының соңына шам алып түсемін деп жүрін жарық тіршіліктің баянсыз боларын, бөрінің де бүгін бар, ертең жоқ екеніне ой жібермейді. Қанағатты, рахымды, имандылықты ұмытады. Сөйтіп жүрін бес күн жалған



түгесілерде о дүниге ала кетер ештеме таппай, жанына шипа болып, өмірін ұзартуға зордей септік іздеп, қиналумен өтеді.

Халқымыздың адамгершілігі, ақыл-парасаты, адамдық қасиеттері туралы Шоқан Уәлиханов былай дейді: "Далалы ортаның тұрғыны - қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ойы, қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлде қайда жоғары түр... Осынау дала көшпенділерінің ақын жанды болып келетіні, ой-қимылының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар... татар атаулы халықтар арасында өзінің ақылдық қабілет-дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында болса керек"

Философиядағы мораль мәселесі бірден-бір мәңгілік тақырып. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, шындық пен жалғандық, арлылық пен ұятсыздық, қанағатшылық пен сабырлық сияқты мәселелер мораль философиясы қарастыратын күрделі тақырыптар. Күн ілгері жүрген сайын аталмыш тақырыптар әдебиетте түрлі қырынан жырланып келді. Қоғамдық талапқа сай әрекеттер дәріптеліп келсе, талапқа сай емес, қоғамға жат әрекеттер әшкереленіп отырды. Терең ой кешу белгілі мақсатқа құрылады. Жыраулар мұраларында бұл әсіресе мораль төңірегінде байланысты дамығанын ерекше атап өткен жөн. «Мораль, - делінеді философиялық сөздікте (латынша әдет-ғұрып), – қоғамдық сананың бір формасы, қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамдардың мінез-құлқын реттеу функциясын атқаратын әлеуметтік институты». Қоғамдағы барлық адамдардың өзара қарым – қатынасы, жақсы-жамандығы олардың мінез-құлқына байланысты екендігіне дау тумаса керек. Бірақ сан мінез-құлқы қалай қалыптасады және қалай реттеледі? Мәселе осында. Педагогикалық тұрғыда тәрбиелеу арқылы дей салу жеңіл әрі оңай. Бірақ адамдардың тегін қайда қоймақпыз? Жыраулар толғауларында тек мәселесіне келгенде өзіндік көзқараста болғанын байқаймыз. Тегінде адамдардың моральдық болмысын реттеуде әдебиеттің әсері мол екенін атап өткен жөн. Әдебиет қашанда ұлттық-азаматтық сана-сезім мен ұлттық мораль қалыптастырушы гуманистік қасиеттердің жаршысы міндеттерін атқарады. Шын мәніндегі әдеби шығарманың игі ниеті халықтарды бір-бірімен таныстыратын көркемдік дәнекер. Осы тұрғыдан келгенде, нағыз көркем туынды эмоциялық әсерлі әсемдік сезім сыйлаумен қатар, сол ұлттың ұлағаттарын, адамгершілік-азаматтық игі дәстүрлерін, тамаша қасиеттерін басқа халықтарға мөлдіретіп жеткізетін қоғамдық-философиялық ойдың көркем формасы екені мәлім.

Жырауларымыздың шығармашылығы, философиялық ойлары қазақ философиясының тұғыры нығайып қалыптасуына бірден-бір рухани негіз болумен қатар, артында қалдырған өсиеттері мен мұраларынан келер ұрпақтарымыздың және біздің үйреніп, алатын сабағымыз өте мол десек қателеспеген болар едік.



**А.С. МУСТОЯПОВА**

### **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН КРЕАТИВТІЛІКТІҢ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛІНУІ**

Қазіргі кезде әр саладағы көрнекті ғалымдар ұлттық негіздегі білім беру мәселесінің мән-маңызына, жалпы адамзат қоғамындағы рөліне айрықша ден қоюда. Шығармашылық – білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген ерекше қабілет ретінде қарастыруға болады.

Шығармашылық қатынас – білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген шығармашылыққа жол ашатын білім беру үрдісі студенттердің білім алуға деген саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Адамзат баласының алға қарай сатылап өркениетке жетуі әр адамның іс-әрекеттегі жаңашылдығына, жаңаны ойлап табуына, креативтілігі мен шығармашылық болмысына байланысты. Ал шығармашылық іс-әрекет, жаңашылдыққа бағыттылық тек қана жеке тұлға креативтілігінен бастау алады. *Креативтілік феноменін* жан-жақты қарастыру шығармашылықпен тікелей байланыста жүргізіледі.

Адамзаттың ұлт ретінде қалыптасуы, ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады. Сондықтан зерттеушілер өркениетке жетудің жолын әр адамның шығармашылық қызығушылық деңгейімен, жаңашылдық болмысымен байланыстырады.

Шығармашылық туралы алғашқы ойларды біз ежелгі философтар еңбегінен табамыз. Аристотель өзінің еңбектерінде жаңа білімдердің пайда болуын логикалық ой түйіндеулер, алгоритмін құру жолымен түсіндіруге тырысады.

М.Монтень шығармашылық іс-әрекетінде оқытушының басшылық рөлінің маңыздылығына былай деп тоқталған: «Оқушы мұғалімнен алған білімін түгел сүзгіден өткізіп, өз бетінше талдау жасауы қажет. Соның нәтижесінде оның білуге құштарлығы дами түсетіні сөзсіз».



Шығармашылық іс-әрекетті дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А. Коменский: «Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өз бетінше тұжырым жасауын дамытуды – білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде қарастырамын», - дей келе, - «заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және қолдана білу қажет», - деген [1].

Баланың жас кезінен-ақ танымдық әлемін кеңіту, сол бағытта әрекет ету маңыздылығы Абай Құнанбаевтың еңбектерінде көрініс тапты. Абайдың қара сөзінің шығармашылықты қалыптастырудағы ғибраты зор. Ол: “Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлық, яки алдау үшін үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша”-дейді. Ғұлама ойшыл адамның адамдығы (тәрбиелілігі), ақылы мен ғылымы (алған білімі) туа біткен денсаулығына тәуелді дегенді айтады және оқуға баулудың педагогикалық жолын ұсынады. Абайдың “зорлық”пен “алдау” деген сөздерін тікелей түсіну қажет емес, олар балаларды оқу-білімге ынталандырудың, қызықтырудың тәсілдерін меңзейді. Ақын «бала ғылым-білімді махаббатпен көксейтін болса, сонда ғана аты адам болады», - деп ой тұжырымдайды [2].

Психологияда мұндай шартпен жаңаны табу ұзақ уақыт бойы ойлау операциялары: индукция, кейінірек – дедукция (Ф.Бэкон, Р.Декарт, Г.Лейбниц, Дж.Милль) деп саналды. Шығармашылық табиғатын анықтаудағы мұндай тәсілдер детерменистік сипатта болды. Тек психологияда ассоциативтік тұжырымдаманың үстемдік құрған дәуірінде ғана шығармашылық табиғаты туралы «ғылымилықтың детерменистік идеалына»: шығармашылық синтез туралы (В.Вундт) және шығармашылық ассоциацияларға (А.Бэн) ішінара болса да сәйкес келетін түсініктер пайда бола бастады.

XX жүзжылдықтың 20 жылдарында шығармашылық табиғаты мәселесіне В.М.Бехтерев те назар аударады. Ол бұл мәселені бихевиоризм рухында, рефлексология тұрғысынан қарастырады. В.М.Бехтерев пікірінше, шығармашылық – процесс, ол шығармашылық мәселе, шығармашылық жағдаят ретінде сипаттайтын және сол тітіркендіргішке жауап реакция болып табылатын белгілі бір рефлексиялық іс-әрекет. Негізінде субъектінің барлық реакциясы, соның ішінде оның шығармашылық іс-әрекетінде көрінетін рефлексінің универсалды динамикалық тетік ретіндегі басым ролін В.М.Бехтеревтің ізімен Павлов мектебінің өкілі, физиолог В.В.Савич те көрсетеді. Осылайша, В.М.Бехтерев пен В.В.Савич шығармашылық процесті шартты-рефлекторлық байланыстардың механикалық динамикасымен байланыстырады. Бұл шығармашылық психологиясы сұрақтарын рефлекторлық теория тұрғысынан шешуге ұмтылыстар оның имманентті детерминантын көрсетпеді, бірақ олар аталмыш мәселеге деген бұрынғы көзқарастарды өзгертуге әсерімен ерекшеленеді.

С.О.Грузенберг өзінің «Шығармашылық теориясы мен психологиясына кіріспе» монографиясында шығармашылық теориясын жасайды. Өз теориясын С.О.Грузенберг шығармашылықтың сипаты мен көріну тәсілдері бойынша белгілі



бір типтерге дифференциациялау тұрғысынан құрады. Ол шығармашылықты үш мынадай типке бөледі: философиялық, психологиялық және интуитивті.

1. Философиялық тип екі түрде: гносеологиялық және метафизикалық сипатымен көрінеді. Алғашқысы үшін дүниені көркем интуиция ретінде тану тән (Платон, Шопенгауэр). Екіншісі үшін - діни-этикалық интуиция тұрғысынан метафизикалық мәнді ашу (Сократ).

2. Психологиялық типке екі бағыт енеді: алғашқысы - жаратылыстанумен, екіншісі – психопатологиямен (В.М.Бехтерев, В.О.Чиж) байланысты; түрлі факторлардың ықпалын талдау: генетикалық, әлеуметтік (тұқымқуалаушылық, жынысы, алкоголизм, данышпандық және т.б.)

3. Интуитивті тип. Мұнда шығармашылық - интуитивті процесс ретінде түсіндіріледі (Платон, Ницше).

Шығармашылық - ойлаудың ерекшеліктеріне ғалымдардың талдауы, оның мазмұнын ақылдың жүйелілік, дербестік, икемділік, сыншылдығы, логикалығы, жобалаушылығы, ұшқырлығы сияқты сапалары арқылы анықтауға мүмкіндік берді. Оларды қалыптастыру мен дамытудың жолдарын анықтауға мүмкіндік ашылғандықтан педагогика үшін бұл үлкен мәнге ие болды, ал ақылдың сапаларын өлшеуге және педагогикалық ықпал етудің объектісі етуге болатын шындыққа айналды.

Бірінші – шығармашылық жетістіктер тұрғысынан: шығармашылық – бұл жаңа үлгідегі құндылықтар жасайтын адам іс-әрекеті. Екіншісі – жалпы іс-әрекет тұрғысынан: шығармашылық - өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі әзекектендіруге деген бастапқы қабілеті ретінде түсіндіріледі [3].

Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту тетіктерін зерттеуге деген әлеуметтік тапсырыс студенттің креативтілігін дамыту проблемасының әзекектілігін ескертіп отыр.

Шығармашылық жұмыстың бастамасы – студенттің өзбетіндік жұмысы. Сондықтан шәкірттің шығармашылық қызығушылығын олардың өз бетінше жұмысынсыз дамыту мүмкін емес.

Ағылшын ғалымы Г.Уоллес шығармашылық процесінің 4 сатысын көрсетті: дайындық (идеяның пайда болуы); саналық түйсіну (концентрация, білімді “шығару”, жетіспейтін мәліметтерді табу); ой-өрістік шарпу, шабыт (зерттеу нәтижесін интуитивті табу, сезіну); тексеру [4].

Р.С.Омарова: «Студент қоғам өмірінде маңызды кәсіптік қызметке дайындалып жатқандықтан, оның оқу-танымдық әрекеті болашақ кәсіби әрекетінің дидактикалық бейнесі болуы керек. Сондықтан студенттің іс-әрекеті кәсіби бағытталған, ал оның әлеуметтік және танымдық белсенділігі оның өмірлік жолын анықтаудағы ұмтылысы болып табылады», - деп жазды. Сонымен қатар, ол студенттердің іс-әрекет ерекшелігіне мынаны жатқызады: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (кәсіби даярлығы, кәсіптік білім, білік және дағдыны игеру, жеке қасиеттерінің дамуы); жоғары білімді маман ретіндегі жеке қасиеті; оқу нысанының ерекше сипаты (ғылыми білім, болашақ қызметі туралы ақпарат және т.б.); студент іс-әрекетінің жоспарлы жағдайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі); оқыту құралдарының болуы - кітаптар, лабораториялық құрал-жабдықтар, болашақ кәсіптік еңбектегі



модельдер, техникалық құралдар, т.б.; жоғары интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, дипломдық жұмыс қорғау т.б.).

Өзіндік жұмысты болашақ маманның шығармашылық ойлауын, креативтілігін қалыптасыратын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарындағы оқыту әдісі деп түсіндіреді.

Мұндай түрлі пікірлер құбылыстың күрделілігін, дидактикалық сипатын көрсетеді. Өзіндік жұмыс мәселесі төңірегінде жазылған еңбектерді талдай отырып, оның негізгі мағынасы әр түрлі бағытта талқыланатынын байқауға болады.

Сонымен, өзіндік жұмыс - студенттердің ойлау қабілетін дамытып, олардың белсенділігін және танымдық бағдарын, өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастыратын және танымдық біліктерін қажет ететін шығармашылық сипаттағы оқу жұмысы. Өз бетінше атқарылатын жұмыс, ең алдымен, оқу жұмыстарының мақсат-міндеттерін қамти отырып танымдық қызмет атқарады. Өз бетінше атқарылатын жұмыс практикалық маңыздылығымен қатар белгілі бір дағды мен біліктерінің жиынтығы ретінде ғана емес, қазіргі заманғы жоғары білімді маманның тұлғалық құрылымында белгілі рөл атқаратын біліктілік белгісі ретінде маңызы бар. Сондықтан жоғары оқу орындарында әрбір курста оқытушының басшылығы мен студенттердің өзіндік жұмыстары тыңғылықты іріктеліп жүйелі жүргізілу керек.

Өзіндік жұмыс болашақ кәсіби қызметінде маңызды білімі мен біліктерін қамтитын, стандартты емес шығармашылық тәжірибелерді жинақтайтын, танымдық ой-өрісті кеңейтуде маңызды, студенттердің оқу және одан тыс уақыттарда орындайтын әр түрлі тапсырмалар жүйесі ретінде қарастыруға болады. Өзіндік жұмыс істеу шеберлігі өзінен - өзі пайда болмайды, ол оқу жұмысының мақсаттарына сәйкес, түрлі танымдық тапсырмаларды орындау, ізденімпаздықпен жұмыс істеу нәтижесінде жүзеге асады.

Кәсіби бағдарланған және педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар студенттердің кәсіптік даярлығын шыңдауға қолайлы жағдайлар жасайды.

Студенттің өзіндік іс-әрекетінің қарапайым дағдыларын төменгі курстан бастап меңгеруі; оқу жұмыстары, тапсырмалары студенттердің танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін қамтамасыз ететіндей деңгейде болуы; танымдық тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі мен деңгейлерге жіктелінуі, танымдық іс-әрекет нәтижелерінің тексеріліп, дұрыс бағаланып отыруын қамтамасыз ету қажеттігі айқындалды. Демек, болашақ мамандардың теориялық білімінің жоғары деңгейіне, креативтілігіне, шығармашылық ұмтылысына, мәдениеттілігіне, біліктерінің қалыптасуына дұрыс ұйымдастырылған оқу ісі мен аудиториядан тыс өзіндік жұмыс арқылы қол жеткізе алады.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру түрлі әдіс-тәсілдері мен принциптерге байланысты.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мынадай принциптерге негізделеді:



*Жоспарлау принципі* - студенттердің оқу-танымдық жұмыстарын ұйымдастыруда аудиториялық және одан тыс уақыттағы жұмыстарын тиімді ұштастыруға, олардың өз уақыттарын ұтымды пайдалана білуге негізделеді. Қажетті шарты мыналар болып табылады:

- сабақ кестесінің тиімді болуы;
- өзіндік жұмыс көлемінің анықталуы және олардың негізділігі;
- өзіндік жұмыс формаларының оқу жоспарымен сабақтастығы;
- өзіндік жұмыстардың көкейкесті мәселені қамтуын, студенттердің қажетті біліктерін дамытуға т.б. бағыттылығын ескеру;
- өзіндік жұмыстар көлемін, берілетін уақытты, нәтижесін бағалау т.б. жоспарлау.

2. *Шығармашылық принципі* - өзіндік жұмыста студенттердің білімі мен біліктерін ұтымды, әрі белсенді пайдалана алуы нәтижесінде шығармашылық сипатта еңбек етуіне негізделеді. Мынадай шарттар ескерілуі қажет: уақытты тиімді пайдалану; қызығушылығының болуы; біліктерінің жеткілікті деңгейі; ізденімпаздығының жоғарғы деңгейі.

3. *Өзектілік принципі* - мәселені, тапсырманы шешуде және өзіндік танымдық іс-әрекетте өзекті проблемаларды таңдау, проблемалық ситуацияларды дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы нәтижеге жетуге негізделеді.

4. *Өзіндік жұмыстардың болашақ мамандығы мен сабақтастық принципі* – студенттердің болашақтағы кәсіби қызметі мен байланысы және кәсіби маңызды біліктерінің жетілдіруге бағытталуына негізделеді:

- өзіндік жұмыстар мазмұны кәсіби қызметімен тығыз байланыста болуы;
- кәсіби біліктерін дамытуға бағытталуы;
- теориялық білімі мен біліктерін нақты жағдайда пайдалана алуы т.б.

5. *Өзіндік жұмыстардың бірзділігі, жүйелілік принципі* - студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерінің жүйелі жүргізілуі және біртіндеп күрделендіре отырып, ғылыми нәтижеге жетуге бағыттауға негізделеді.

6. *Бақылау, бағалау принципі* - оқытушының, студенттердің, бір-бірін, өзіндік бағалауы, жұмысқа, дұрыс баға беруге бағытталады.

Өзіндік жұмыстар қызметтерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- өзіндік тапсырмаларды орындау кезінде студенттің кәсіптік-ақпараттық ой-өрісін, сенімін және креативтілігін қалыптасуын жүзеге асыру;
- логикалық тапсырмалар орындау, өз бетінше формула құрастыру, теорема дәлелдеу, ғылыми түсініктер қалыптастыратын түрлі жұмыстар жасау [5].

Демек, оқу процесінде шығармашылық түсінігін жеке тұлғаның қасиеті емес, шәкірттің оқу процесіндегі іс-әрекет құралы және табыстың белгісі деп білеміз. Білім алушының белсенді іс-әрекеті шығармашылыққа апарар жол болса, шығармашылық тұлғаның креативтілігінсіз жүзеге аспайды. Шығармашылықтың мәні алдымен оның қажеттілігіне, әрбір адамның шығармашылық қабілетінің нәтижесін рухани қанағаттануы мен қуаныш сезіміне айналдыруға жаңаша қадам.



Әдебиеттер

1. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. 2 т. / Под. ред. А.И. Пискунова. – М.: Педагогика, 1982. – 396 с.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 355 б.
3. Омарова Р.С. Мектеп оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру: теориясы мен практикасы. Монография. – Ақтөбе, 2008. – 370 б.
4. Уоллес Г. Психология интеллекта. – М., 1997. – 345 с.
5. Мустояпова А.С., Қапанова А.Т. Студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру. – Ақтөбе: 2007. - 193 б.



**А.С. МУСТОЯПОВА, А.Т. ҚАПАНОВА**

## **ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ ЕНУДЕ ДИСТАНЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Білім беруді дамудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында белгіленген басымдылықтарға сай, Қазақстандық көпдеңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін жасап, оны әлемдік білім беру кеңістігіне енгізу болып табылады.

Әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы үздіксіз білім беру жүйесі - еліміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды сала. Сондықтан осы стратегиялық салада халықаралық стандарттар талабына сай кәсіби мамандар даярлау және халықаралық білім кеңістігіне ену бағытындағы жұмыстарды кең көлемде жалғастыра алады. Бүгінгі күні еліміздің үздіксіз білім беру жүйесін реформалау бағытында ауқымды істер жүзеге асырылуда.

Жаңа білім жүйесін құрудағы ерекшелігі: жаңа көзқарасты оқытудың оқу мазмұнын саралау, ықпалдастыру және кәсібилендіру негізінде жүргізілуіне байланысты туып отыр. Білім алуға берілген нұқсаудан әлем, қоғам және адам туралы жүйелендірілген түсініктерді меңгеруге және оларды өз бетінше кеңейтін, тереңдете білуге көшу қамтамасыз етілуі тиіс.

Сондықтан қазіргі қоғам талабына сай, шәкірттің ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесіне жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғасын қалыптастырудың бірден-бір жолы әлемдік білім беру жүйесіне көшу екендігін өркениетті елдер мойындап отыр.


Жаңа ғасыр кезінде дистанциялық оқыту (алыстан немесе қашықтықтан оқыту) кең етек алуда. Әлемдік білім беру кеңістігінде оқытудың бұл түрі жаңаша оқу жұмысын ұйымдастырудың бір түрі ретінде қарастырылып келеді.

Дистанциялық оқытумен АҚШ-та жылына миллион адам білімін көтереді. Мысалы, АҚШ-тағы Технологиялық университетінде 1990 жылдары дистанциялық оқыту арқылы 1100 студент білім алған. 1972 жылдан бастап Испанияда дистанциялық оқу қабылданған. Мемлекет ішінде 58 оқу орталығы, шет елде 9 оқу орталығы бар. Елімізде компьютер желісі Интернет жүйесіне қосылып, дистанциялық оқыту мүмкіндігі қалыптасып келеді. Оқушылар электрондық почтамен белсенді жұмыс істейді [1].



Ал Франция мемлекетінің 120 елде 35000 қолданушысы бар. Көптеген әдебиеттерді, ақпарат көздерін пайдалану мынадай диаграмма құруға мүмкіндік берді (1 - сурет).

1. Орталық Америка.
2. Латын Америкасы.
3. Австралия.
4. Азия.
5. Ресей.
6. Солтүстік Америка.
7. Оңтүстік Америка.
8. Европа



1-сурет. Дистанциялық оқыту мекемелері

Интернет жүйесіндегі білім кеңістігіне шығып, түрлі жарыстарға, мемлекетаралық жобалар мен сайыстарға қатыса алады.

Алайда, елімізде жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіндегі бұл жұмыс түрі арнайы зерттеуді және оқытудың бұл түрі әдістемесін жетілдіруді талап етуде. Дистанциялық оқытудың мынадай артықшылықтары бар.

- шапшаңдығы (кеңістік және уақыт кедергісін болдырмай жаңа ақпарат алады, жылдам кері байланыстың болуы);
- ақпараттық (білім алуда тиімді, веб-канал арқылы байланысып, телеконференцияларға қатысуға мүмкіндік жасайды т.б.);
- коммуникативті (оқушылар, студенттер мен мұғалімдер, мамандардың санының көптігі, олардың бір-бірімен электрондық жүйе арқылы байланысының болуы, территориялық шектеуді болдырмау);
- педагогикалық (оқытудың мотивациялық қызықты, жеке және технологиялық болуы, оқушы жұмыстарының талдануы және бағалануы т.б.);
- психологиялық (өз мүмкіндігін, білімін көрсетуге қолайлы болуы, психологиялық кедергіні, проблеманы шешуге, ауызша сөйлесудің болмауы);
- экономикалық (оқуға кететін ақынның азаюы, көлікке, мекемені



- жалдауға т.б. жұмсалатын ақшаны үнемдеу);
- эргономикалық (оқушылар және педагогтар өзіне қолайлы уақыттарда жұмыс істеуге мүмкіндіктің болуы);

«Дистанциялық оқу» ұғымын «алыстан оқыту» немесе «қашықтықтан оқыту» деп те айтылып жүр. Біз мақаламызда «дистанция» ұғымын өзгеріссіз қалдыруды жөн көрдік. Бұлай пайдалану біздің жұмысымыздың мазмұнына нұқсан келтірмейді, керісінше, бастапқы мағынасын тез түсінуге көмектеседі деп ойлаймыз. Бұл ұғым қазіргі дидактикада даму жағдайында болып отыр.

Дистанциялық оқыту мәнін дидактикалық көзқарастағы екі жағдайын көрсетуге болады.

*Бірінші жағдайда* оқытушы мен студент арасында электрондық желі немесе телебайланыс құралдары арқылы ақпарат алмасу ретінде қарастырылады. Студент өз деңгейіне қарай тапсырмалар жүйесінен ақпарат мазмұнын алушы ретінде көрінеді. Студенттің өзіндік жұмыстарының нәтижелері педагогқа жіберіліп, жұмыс сапасы мен деңгейіне сай бағасын алады. Студенттің білімі мен біліктері жіберілген ақпарат мәліметтері арқылы анықталады.

*Екінші жағдайда* студенттің жеке тұлғалық жемісті іс-әрекеті доминантты жағдайда көрінеді. Мұнда оқу процесінің нәтижелілігі мен білім алу субъектілерінің өзара әрекетін қамтамасыз ететін педагогикалық технологиялар мен ақпараттардың кірістірілуімен сипатталады. Ақпарат алмасу бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда қосымша рөл атқарады. Білім алу нақты жағдайда (чат, видео байланыс, графика т.б.), сондай-ақ синхронды (электрондық почта негізіндегі телеконференциялар) өтеді. Дистанциялық оқытудың бұл түрінде оқыту жекелік, шығармашылық және телекоммуникативтік мазмұнға ие болады.

Дистанциялық оқыту ұғымының айтылған жағдайларын талдасақ, төмендегідей ерекшеліктерін көруге болады (1 - кесте).

1 - кесте. «Дистанциялық оқыту» ұғымына талдау

Ақпаратты	Нәтижелі
Дистанциялық оқытудың ақпараттық технологиялар көмегімен сапалы ақпарат алмасу.	Дистанциялық оқытудың мәні – ақпараттық технология арқылы өзіндік нәтижеге жету.
Білім-трансляциялық ақпарат.	Білім – нәтижелі іс-әрекет жемісі.
Оқушы – ақпарат алушы.	Оқушы – жана ақпарат жасаушы.
Мұғалімді қажет етпейді.	Мұғалім – процесті ұйымдастырушы, серік.
Оқулықтар мен әдістемелерді дистанциялық оқытуға көшіруге болады.	Ақпараттық технология-лармен ықпалдастырылған жана оқулықтар мен әдістемелер жасалады.



Дистанциялық оқыту ұғымын талдай отырып, оқу жұмысының бұл түрі студенттердің танымдық біліктерінің, әсіресе, жоспарлау, ұйымдастыру біліктерінің жетілуіне зор мүмкіндік жасайтыны анықталды.

«Дистанциялық оқыту» ұғымы қазіргі педагогика мен дидактика мынадай ұғымдардың пайда болуына әсер етті. «Дистанциялық білім беру», «интернет-білім», «кеңістіктегі оқыту». Дәстүрлі «оқытушы-оқушы» іс-әрекетінің орнына «дистанттық мұғалім», «дистанттық оқушы», «локальді реттеуші», «модератор» т.б [2].

Жоғары білім дамуының ғаламдық тенденцияларын талдау ХХІ ғасырдың басындағы білім саласының еншісіне тигендігін ескерсек, көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі айқындала түседі.

*Дистанциялық конференция мен дистанциялық олимпиаданы ұйымдастырудың маңызы зор.* Нәтижелі, жемісті дистанциялық оқытуды субъектілердің интерактивті диалогынсыз мүмкін емес. Мұндай міндетті электрондық хат, чат, видео және аудио байланыс негізінде өткізілетін конференциялар арқылы шешуге болады.

Дистанциялық конференция әдістемесін дайындау және оқытушы мен студенттің мынадай іс-әрекет формаларын пайдалану арқылы болады: 1) электрондық пошта арқылы жазу; 2) нақты уақыт жағдайында чат көмегін пайдалану.

Телеконференция мақсаты: студенттердің шығармашылық жұмыстарын қорғауы.

Студенттер әр түрлі типтегі сұрақтар құру тәсілдерін меңгерген болса, дистанциялық конференцияның тиімділігі арта түседі. Сондықтан бұған алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілуі қажет.

Чат-конференция жұмыстары барлық қатысушылармен, сондай-ақ, жеке бөлмеде конференция жүргізушімен тікелей сұрақтар талдағысы келетін студенттермен де өткізіледі.

Электрондық пошта арқылы жазбаша түрде өтетін дистанциялық конференция чат-сабақтардан артықшылықтары бар. Мұнда ойлануға уақыттың берілуі, электрондық пошта арқылы иллюстративті материал жіберу мүмкіндігінің болуы, еркіндік т.б. Ал чат-сабақта уақыт аз беріледі.

*Дистанциялық олимпиаданы өткізу* студенттердің шығармашылық әлеуетін қарқынды жүзеге асырудағы формасы ретінде қарастыруға болады. Дистанциялық олимпиада электрондық пошта арқылы жүргізіледі.

1997 жылдан мынадай деңгейдегі олимпиадаларды «Эйдос» дистанциялық Орталығы ұйымдастырады ([www.E.idos.m/olymp/olymp\\_ids.htm](http://www.E.idos.m/olymp/olymp_ids.htm)). (А.В.Хуторской).

Эвристикалық олимпиадаға дайын жауаптары жоқ тапсырмалар беріледі. Сонымен бірге тапсырмалар мазмұны базалық жалпы білім стандарттарымен байланысты болады. Дәстүрлі олимпиадаға қарағанда, эвристикалық олимпиадаға қатысушылар күрделі тапсырмаларды орындау



емес, жаңа өзінің бағытын, жаңалығын, идеясын, өз моделін т.б. ұсынады. Мұндай олимпиадалар студенттердің танымдық түсінігін кеңейтін, жаңалық ашуға құштарлығын оятады. Сондай-ақ бұл экономикалық және ұйымдастырушылық жағынан да тиімді келеді.

Әдебиеттер

1. Хуторской А.В. Понятия и принципы дистанционной педагогики //Школа-2000. Концепции, методики, эксперимент /Под ред. Дика Ю.И., Хуторского А.В. М.,1999. -280 с.
2. Мустояпова А.С., Қапанова А.Т. Студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру. – Ақтөбе: 2007. - 193 б.





**К.М. ЕРЕКЕШЕВ**

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ РОЛІ**

Ғаламдық жаһандану кезеңіндегі жаңғырулар адам санасының, соған сәйкес олардың өмір сүру жағдайларының түбірлі өзгерулерімен сипатталады. Бұл өзгерістер әрине, білім беру жүйесінің қызметіне тікелей байланысты екені белгілі. Білім беру саласы мамандарының зерттеулеріне сүйенсек, бүгінгі таңдағы әлемдік білім беру жүйесі өзінің жылдам өзгеруімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ал білім жүйесіндегі жаңалықтың негізі –білім алушы оқышыны жеке тұлға ретінде қабылдай отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, оларды болашақ өмірдегі бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында орта білім беру мақсаты –жылдам өзгерін отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін -өзі іске асыруға, дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екендігі көрсетіледі.

Осы тұрғыдан алғанда оқушыларға экономикалық білім беру мәселесінің ғылыми –теориялық негізде зерттеліп, тәжірибеге енуі қоғамдық қажеттілік болып табылады. Себебі, экономикалық білім берудің басты мақсаттарының бірі – оқушыларды экономикалық білім негіздерімен қаруландыра отырып, нарық заманында өмір сүріп, еңбек етуге бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті адамды тәрбиелеу.

Адам болашағын шешетін де тәрбие екендігі ежелден белгілі, көңілде жатталған ұлы түсінік болғанымен, оны педагогикалық, психологиялық тұрғыдан келгенде қалай жүргізу керек, қалай ұйымдастыру керек деген мәселе күн тәртібінен түспейтіні ақиқат. Адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру еш уақытта ескірмейтін, қайта уақыт озған сайын жаңарып, әрбір кезеңнің өз талабына лайықжетіліп отыратын үзіліссіз құбылыс деп түсінеміз. Демек, осы процесте жеке тұлғаның физиологиялық және психологиялық даму ерекшелігіне жете көңіл бөлу қажет екенін ғалымдар дәлелдеп отыр.

Ұрпақ тәрбиесі қай қоғамның, қай кезеңнің болмасын өзекті мәселелерінің бірі болып есептеледі. Педагогикалық психология көшбасшысы К.Д.Ушинскийдің пікірінше: «Егер педагогика адамды жан –жақты тәрбиелегісі келсе, онда ол ең алдымен адамды барлық қатынаста біліп алу керек»

Еліміздің әлеуметтік –экономикалық өзгерістер қоғам мүшелерінің экономикалық түсініктерге деген көзқарастарын қайта қарауды, бұл мәселелердің кеңінен насихатталып, игерілуін талап етуде. Экономикалық білім беру – экономикалық білімді қалыптастыру процесі, экономикалық іс -әрекет әдістері, творчестволық –ізденіс белсенділігі, экономикалық құбылыстарды ұғынуға деген



адамдардың эмоционалдық –құндылық қатынасы деп түсінуге болады. Бұл үрдіс мотивке, шартқа, құндылық бағытқа айналғанда ғана нәтижелі болатынын ескерген жөн.

Ғалым В.Д.Попов өз зерттеулерін қорыта келе «Экономикалық білім беру және экономикалық ойлау өз –ара шартты және бір –бірін өз –ара толықтыратын диалектикалық процес болып табылады.» дейді. Ол экономикалық ойлауды адамның экономикалық құбылыстарды бейнелеу, сезіну, қорыту, қабілеті, оның мәнін танып түсінуі, экономикалық ұғымдарды игеру және салыстыру, экономикалық заңдылықтарды ұғынуы деп есептеп, осылардың негізінде өзінің экономикалық іс -әрекетін ұйымдастыруы түрінде қарастырады.

Сонымен, экономикалық сананың, ойдың, іс -әрекеттің қалыптасуы біртұтас, үздіксіз процес болып табылады. Қазіргі жағдайда қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық түсініктерді, ұғымдарды меңгеруге деген қажеттілігі артып, бұл қажеттілікті жүзеге асыру жолдары іздестірілуде.

Осы мәселелер төңірегінде жазылған еңбектерге талдау жасай келе оқушылардың экономикалық түсініктерінің қалыптасуына әр түрлі факторлар: олардың өмір сүріп отырған ортасының әлеуметтік жағдайы, жасы, жынысы, ұлттық –мәдени ортасы, т.б. әсер ететінін анықтадық. Осы аталған факторлардың ішінде жас ерекшелігінің әсері көбірек байқалады.

Оқушылардың экономикалық түсініктерді қабылдауы жөнінде көптеген зерттеулер жүргізген ғалым Е.В.Щедрина шетел ғалымдарының ойларын тұжырымдай келе балалардың алғашқы экономикалық түсініктері ақшаны пайдалану тәжірибесінің болуына байланысты екенін айтады. Ол өз еңбегінде зерттеушілер А.Страусс; Т.Данзигерлердің «балалардың экономикалық түсініктерінің қалыптасып дамуы олардың биологиялық есеуі ғана емес, олардың ақшаны пайдалану тәжірибесінің болуына байланысты» деген ой – тұжырымдарына талдау жасайды.

Көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, оқушылардың экономикалық қатынастарды түсіну дәрежесі олардың интеллектуалды даму дәрежесіне де тікелей байланысты екенін байқауға болады.

Оқушылардың ой –санасының, іс -әрекетінің дамып, қалыптасуы жалпы психологиялық даму ерекшеліктері Қазақстан ғалымдарының, халқымыздың ғұламаларының еңбектерінде кеңінен зерттелген мәселе болып табылады. Бұл еңбектер қазіргі таңда да өз өзектілігімен сипатталады.

Ұлы Абай оқушылардың экономикалық білімін қалыптастыруға зор ықпал ететін ес, зейін мәселелерін терең зерттеген. Ол баланың еске сақтау, зейін қабілетінің күшті болуының төрт түрлі жолын отыз бірінші сөзінде ашып көрсетеді. Абай ерік –қайраттың адам өмірінде алатын орны ерекше мән берген, әркімнің өзін -өзі билеуі, өзінің мінез –құлқын басқаруы, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңуі –бәрі де ерік қызметінің нәтижесі. Сондықтан ол былай кеңес береді: Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал. Өмірді қалай өткіздің, не білімге, не дүниеге жарымды қылық еткізіпсің. Бұл даналық ой толғаулары экономикалық білім мазмұны мен білімге қойылатын



талаптарды іріктеуде басшылыққа алатын қағидаларды таңдауда қолдануға болады.

Абай адамтану әлемінде еңбек ролін биікке қояды. Әйгілі «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде бес асыл іс /талап, еңбек, ой, қанағат, рахым/ Абайдың үлкен өмірлік бағдарламасы. Бұл бағдарлама жеткіншектердің өмірлік бағдарламасын құруына үлгі боларлық бағалы дүние.

Соңғы уақытта білім беруде оқушыларды жеке тұлға есебінде қарастыра отырып тәрбиелеу кең көлемде дамып келе жатқан бағыт болып табылады.

Жеке тұлғаны тәрбиелеп дамыту мәселесімен айналысып жүрген ғалымдардың пікірінше, тұлға жеке адамның мақсатының орындалуы ғана емес; оның ерік – жігерінің іске асуы, яғни өзі жөніндегі ойын, еркін іске асырудың дайындығы және оны іске асырудың нәтижесі, корінісі.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз –ол өзіне тән мінез –құлқындағы, іс - әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен дараланады.

Жеке тұлғаға тән қасиет –ақыл, ес, яғни өмірдің өзінің сана –сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұрды.

Білім беруде негізгі мақсат –тек білімді, кәсіби маманданған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және әлеуметтік адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды түсінуге және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

«Тәрбиенің ең өзекті мәселесі –білім негізінде жеке адамның ғылыми көзқарасын қалыптастыру арқылы адамдардың өндірістегі, қоғамдық тұрмыстағы қарым –қатынасын құру.»

Экономикалық тәрбие беру мәселесін зерттеуші ғалымдардың пікірінше: «оқушы жастарға экономикалық тәрбие беруде бір ескеретін жай; экономикалық жаңаша ойлау өздігінен пайда болмайды, ол қажырлы еңбекпен келеді, білімді ұдайы толықтырып, адам психологиясын үнемі бағдарлап отыру негізінде қалыптасады». Демек, жеке тұлға ерекшелігіне баса көңіл бөлуіміз қажет.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер нәтижесінде, оқушыларға экономикалық білім беруде олардың психологиялық –физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың ойлау қабілетін дамытып, олардың білімдерін жетілдіруге, өздігінше дамуға, бәсекеге қабілеттілікке дайындауға болады. Әрине, бұл процестің жүзеге асырылуы көптеген факторлар әсерінің нәтижесі екені белгілі. Әсер етуші факторлардың ішінен мыналарды атауға болады:

- мемлекеттің жалпы саясаты
- мемлекеттің білім беру саясаты
- ата–ананың мақсат–мүддесі, экономикалық білім негіздерінің мектепке енуі,
- ата–ананың, қоғамның жалпы тәрбиесі,
- қоғам талабы,
- мұғалім еңбегінің нәтижесі,
- оқушының білімділік, іскерлік, дағдылары,
- еліміздің әлеуметтік–экономикалық өсуі.



Ғалымдардың жоғарыда айтылған ой-тұжырымдарына сүйеніп, мектеп оқушыларына жалпы орта білімді қамтамасыз ететін пәндік білімдермен қоса экономикалық білім беру нәтижесінде мектеп бітірген соң өз орнын тауып, өздігіне дами алатын жеке тұлға тәрбиелеу мақсатын орындауға бағытталған экономикалық білімді мектеп түлегінің моделі ұсынылады.

*Әдебиеттер*

1. *Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы. /Республика Ұстаздары 2006, 28 қаңтар.*
2. *Ушинский К.Д. Избранные педагогические соч. В 2 –х т. М., 2004*
3. *В.Д. Попов экономика плюс педагогика: очерки об экономическом воспитании молодежи. М; Молодая гвардия, 2006*
4. *Е.В. Щедрина «исследования экономических представлений у детей.// Вопросы психологи N2 2001*
5. *Ж.Аймауытұлы «Психология, Алматы, Рауан» 2005*
6. *Есқалиев М., Шедеев Э., Вазиков А., жастарға экономикалық тәрбие беру. Алматы, Мектеп. 2003*
7. *К.Жарықбаев. С.Қалиев «Қазақ тәлім – тәрбие». Алматы, Санат 2005*

**К.М.ЕРЕКЕШЕВ**

## **АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕ**

«Экономика - өмірдің барлық салаларын жақсылық жағына қарай өзгертудің мүмкіндік-теріне жеткізетін адамзаттың ұлы жаңалығы.»

Джон Милтон.

Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдар аралығындағы білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің өзектілігі атап көрсетілген.

Сондықтан білім беру саласының іс-әрекеті жаңаша экономикалық ойлауға бейімделген, дүниетанымы терең дамыған, бүгінгі экономикалық ортада өзінің орнын таба білетін жеке тұлға тәрбиелеуге бағытталған. Жеке тұлға тәрбиесі олардың экономикалық ойлауын қалыптастыруға тікелей байланысты. Оқушылардың ойлау жүйесінің қалыптасуында дер кезінде экономикалық білім мен тәрбие берудің маңызы зор.

Нарықтық экономиканың қалыптасуына байланысты экономикалық білімге деген сұраныс күшейді. Экономикалық білім күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде қоғамның әрбір мүшесіне қажеттілігін бүгінгі өмір талабы көрсетіп отыр. Қоғамдағы экономикалық сауатсыздық экономикалық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі деуге болады. Жалпы білім беру жүйесі қоғамдағы экономикалық сауаттылықты көтеруге үлкен мүмкіндік жасауда. Алдын-ала берілген экономикалық білім экономикалық дағдарыстан шығудың бірден бір маңызды факторларының бірі болып табылады. Қарапайым экономикалық білім жиынтығы оқушыларға тек ақпараттық мәні жағынан ғана құнды емес, сонымен қатар, экономикалық білім жас жеткіншектің адами қасиеттерін қалыптастыруға көп мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар экономикалық білім оқушылардың демократия, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, адам құқы, бәсекелестік, нарық сияқты жалпы адамдық құндылықтарды белсенді қабылдауына септігін тигізеді. Экономикалық білім саласының басқа мектеп пәндерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктердің бірі Қазақстандағы нарықтық экономика кезінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үрдістермен байланысты. Елімізде болып жатқан үрдістерді саналы түрде ұғынып, өз орнын табу және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру қажеттілігі пайда болды.

Мектепте экономикалық білім негіздерін оқытудың басты мақсаты-оқушыларды экономикалық мәдениетпен, қоғамның экономикалық даму заңдылықтармен таныстыру, іскерлікке тәрбиелеу, еңбек ете білуге өндіруге, өзін



және өзгелерді рухани материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға қаруландыру.

Экономикалық білім негіздерін оқытудың басты мақсаты келесі міндеттерді анықтайды:

- оқушыларды Қазақстан қоғамы және тұтас дүние жүзілік бірлестіктерді экономикалық даму заңдылықтармен таныстыру;
- экономикалық теорияны ең маңызды білімдерімен қаруландыру, экономикалық мәдениет дағдыларын дамыту, экономикалық жағдайларда өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға және әрекет етуге үйрету;
- оқушыларды Қазақстан және халықаралық аймақта жүргізілетін экономикалық заңдылықтардың негізгі ұстанымдары еңбек, отбасы, әкімшілік, салық кодекстерімен таныстыру;
- еңбекті сүюге тарту, қоғамның экономикалық белсенді мүшесі және өз Отанының патриоты болуға көмектесу;
- оқушыларға дұрыс кәсіптік бағдар беру.

V-IX сыныптарда экономикалық білім беру мазмұны «Экономикалық білім негіздері» курсымен анықталып, X-XI сыныптарда экономиканы оқыту «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы бойынша бағдарлы негізде жалғасады.

Экономикалық білім берудің үш деңгейін бөліп көрсетуге болады:

Деңгей	мақсат	нәтиже
I. Оқушыларды экономикалық іс-әрекетке әлеуметтік психологиялық жағынан дайындау.	Жалпы даму, өмір мен, өзімен танысу, араласу мәдениеті.	Нарық жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделу.
II. Экономикалық (теориялық) дайындық	Өмірге белсенді араласу үшін жаңа білім саласын меңгеру. Нарықтық талаптарына сәйкес кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру.	Экономикалық процестерді ұғыну, практикалық тапсырмаларды орындай білу. өз ісін ұйымдастырып жүргізе білу.
III. Кәсіпкерлік іс-әрекетке дайындық.		

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, ұлттық-аймақтық ерекшеліктерін ескеріп дайындалған «Экономикалық білім негіздері» оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына тоқталсақ, экономика пәнінің оқулығы оқу-әдістемелік кешенінің өзегін құрайды. Оқулық оқыту процесінде оқушылардың білімін саралау тәсілін қамтамасыз етеді, экономикаға қызығушылығы мен экономикалық қабілетін дамытуды, мұғалім және оқушы қызметін тиімділендіруді жүзеге асырады.

Жаңа пәнді оқудың жеке тұлғалық мәні материалдық құндылықтарды тиімді пайдалана білу, өз қажеттілігін дұрыс есептей білу және тиімді пайдалана білу, өз қажеттілігін дұрыс есептей білу және қанағаттандыра білу. Жеке тұлғаның мектептен тыс әлеуметтік қалыптасуының экономикалық білім саласы (еңбексүйгіштік, жауапкершілік, үнемшілдік, орындаушылық, белсенділік, іскерлік, тәртіптілік) дамиды. Экономикалық білімнің көтеген оқушыларға кәсіптік бағдар берудегі мәні зор. Олар экономиканы кәсіби бағып есебінде де

карастыра алады. Сонымен бірге олардың танымдық белсенділігі мен өзіндік қабілеттерінің қалыптасуына, ынталандыру идеяларымен жақын танысуына қолайлы ықпалын тигізеді. Мектепте экономикалық білім берудің қолға алынуы қазіргі заман ағымына сай епті, экономикалық біліммен қаруланған белсенді оқушыларды, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дайындауды қамтамасыз етеді. Жеке тұлғаның экономикалық дамуы дегеніміз: экономикалық қатынастардың өзгеруі, демек экономикалық әрекет барысында және нәтижесінде адамның тәжірибелік санасының және оның психикалық тұрғыда өзгеруі деп түсініледі. Бұл өзгерістердің уақыт үнемдеу, қоғамдық еңбекті және табиғи байлықты үнемдеу сияқты өзіндік бірқатар ұстанымдары бар. Бұл экономикалық тәрбиенің мақсатын, мазмұнын, түрін және әдісін көрсетеді. Экономикалық тәрбиенің мақсаты жеке тұлғаны экономикалық әрекетке дайындау деп қорытындылауға болады. Экономикалық әрекет дегеніміз - өндіру, бөлу, айырбастау, және тұтыну бірлігі, яғни аз шығынды үлкен нәтиже алу тәсілдерін іздестіру.

Оқушылардың әр түрлі экономикалық қатынас түрлеріндегі іс-әрекеттерін басқара отырып, олардың бойында есеппен, үнеммен қарауды қалыптастыруға болады. Уақытылы бағалай білу жеке тұлғаның маңызды экономикалық қатынастар үрдісінде меншікке деген қатынас сөзсіз көрініс береді. Бұл қатынастарды педагогикалық және экономикалық тұрғыда сауатты басқару оқушылар бойында үнемшілдік, есепшілдік, сақтық сияқты саналарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Экономикалық сауаттылықтың нағыз артықшылығын тек экономикалық білімді өмірдің барлық мәселелерін шешуге пайдалана білу қабілеттілігі дамыған жағдайда ғана білуге болады. Демек, бұл пәнді мектеп оқушыларына оқыту қажет. Бұл пәннің болашағы зор. Болашақта «Экономикалық білім негіздері» жеке пән есебінде базистік оқу жоспарының инварианттық бөлігінен орын алады деген үміттеміз. Бұл пән мектепте оқытылатын негізгі пәндердің біріне айналса, осыған орай орта арнаулы оқу орындарындағы, одан әрі жоғары орта оқу орындарындағы экономикалық білім мазмұнына да өзгерістер енгізіліп, жетілдірілуі қажет. Осылайша сатыланып, жүйелі түрде берілген экономикалық білімнің арқасында болашақ ұрпақ өмір талабына сай білімді,білікті, іскер, бәсекеге қабілетті жеке тұлға болып қалыптасады. Мектептен алған экономикалық білімдері негізінде мамандық таңдап, өмірге араласуға кең жол ашылады. Демек, адам ресурстарын дамытудың негізгі сатысы- экономикалық білім беруді жетілдіру болып табылады.



**Экономикалық білім**

Оқушыларда экономикалық ойды қалыптастырады.	Қазіргі экономикалық құбылыстар туралы түсініктер қалыптастырады.	Экономика ғылымдары мен оның заңдарының негізгі түсініктерін меңгертеді.
Болашақта өз ісін ұйымдастыра алатын азамат тәрбиелейді.	Жаңа қоғамда өмір сүрін, еңбек етуге бейімделген азамат тәрбиелейді.	Экономикалық сауатты, занды құрметтейтін азамат-патриотты тәрбиелейді.
Оқушылардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырады.	Экономикалық аппараттарды ұғыну және іздесіс қабілеттерін дамытады.	Қол жеткен табыстарын есептеп, мұқият сақтайтын және еселей білетін өз елінің қожасын тәрбиелейді.
Оқушылардың іскерлік қасиеттерін дамытады.	Күнделікті өмірдегі экономикалық мәселелер бойынша жеке шешімді қабылдау дағдыларын қалыптастырады.	Қоршаған ортаны қорғауға лайықты экономикалық түсініктерді қалыптастырады.

**Бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелейді**



**Ж. ТӨРЕЖАНҚЫЗЫ**

**ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІН ДАМУДА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ  
БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландыру болып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары мектеп, колледж, институттар мен университеттер тәжірибесіне енгізіліп жатыр. Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктеріне қарай әр мұғалім өз ізденісі арқылы жеке оқушының қабылдау деңгейі мен қабілетіне сәйкес іріктеп пайдаланады.

Гуманитарлық колледждерде психология пәнін оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Өйткені болашақ мұғалімдер мектеп оқушыларының психологиясын жетік меңгеру арқылы ғана алға қойған мақсаттарына жете алады. Өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінің, дене және жан саулығының, интеллектуалды қамын ойлау - тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған ең маңызды мәселелерінің бірі. Қазіргі мектеп жағдайларындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылықпен, ізденушілікпен жұмыс істейтін болашақ мұғалімдерді даярлауды қажет етеді. Қазіргі жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығына жаңаша көзқарастар қалыптасуда. Қазақ халқы ежелден психолог болған десек артық айтқандық емес. Оған дәлел ретінде М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың еңбектерін айтуға болады.

Ж.Аймауытов: «Балаларды тәрбиелей оқыта отырып зерттеу немесе зерттей отырып тәрбиелеу, оқыту толыққанды педагогикалық ізденіс пен бала психологиясын тани білу шеберліктерінің түйісуі күрделі процестің бір-бірінен бөлінбес екі жағы, екі қыры» -деп атап көрсетті. Оқушы өз әрекетін орындауда мұғалім тапсырмаларын орындаушы, дайын ақпараттарды қабылдаушы деңгейінде қалып қоймай, мұғалімнің басшылығы мен шығармашылық қабілеті дамытылған, өзіндік ой-пікірі, саналы көзқарасы бар жеке тұлға дәрежесіне көтерілуі тиіс. Баланың осындай даму процесінің заңдылықтарын ұжымдық әрекетіндегі бір-бірімен өзара тығыз байланысты туып, жүзеге асатын танымдық, әлеуметтік мотивациялық компоненттердің бірлігін Л.С.Выготский былай тұжырымдайды: «Егер біз ойды сөз жаңбырын төгетін бұтаққа теңесек, онда осы образды салыстыруды ары қарай жалғай түскенде, мотивацияны сол бұлтты айдап отыратын желге теңер едік»-деп көрсетті.



Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашылық әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде. Осыған орай бүгінгі күні жалпы және орта арнаулы білім беретін оқу орындарына үлкен талап қойылуда.

Оқушының өз ықылас-ынтасы, қызығушылығы бірінші орынға қойылса, онда ол өз бетімен өз ойын дамытып, білімін толықтырып отырады. Бала мектепте бір пәнді өте жақсы көріп, қызығып оқып, енді біреуіне мүлде назар салмауы мүмкін. Осы назар аудармаған сабағының болашақта өзіне керек екенін ол түсіне бермейді. Баланы кез келген пәннен жалықтырып алмау, оның қызығушылығын арттыру үшін қандай әрекеттер жасау керек? деген сұраққа жауап іздеу көптеген әдістемелерді, әдіс-тәсілдері дүниеге әкелді.

Сондықтан қазіргі кезде педагогика ғылымында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру формалары өзекті мәселеге айналууда. Осыған байланысты психология пәнін жаңа технологиялар арқылы, соның ішінде дамыта оқыту технологиясы арқылы оқыту студенттердің алған білімдерін одан әрі дамытуына жол ашады.

Осы орайда педагог-ғалымдардың педагогикалық технология туралы пікірлеріне жүгінсек В.П.Беспалько: «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба», - деп анықтама береді. Мұнда ғалым педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырады.

Ал, белгілі педагог-ғалым В.М.Монахов болса, «Педагогикалық технологиялар дегеніміз – оқыту үдерісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі», - деп түсіндіреді.

Дамыта оқыту дегеніміз – бұл оқу үдерісінде оқушының ықтимал мүмкіндігінің толық іске асуына бағдарланған оқыту.

Дамыта оқыту теориясы сонау Г.Песталоций, А.Дистервек, К.Ушинскийден басталады. Бұл теорияны алғаш ғылыми негіздеген Л.С.Выготский деп саналады. Кейін бұл теория Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Н.А. Менчинскийдің тәжірибелік-эксперименттерінде әрі қарай өзінің жалғасын тапты.

Л.В.Занков технологиясы тұлғаның жан-жақты, жалпы дамуына бағытталған. Ресей білім министрлігі 1986 жылы бұл технологияларды (Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин – В.В.Давыдов) ресми түрде озық деп жариялады да, қалған дамыта оқыта технологиялары авторлық және балама мәртебеге ие болды.

Л.С.Выготский идеясы іс-әрекеттің технологиялық теориясына (психолог А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин) негізделген және 30-жылдары кең тарады.

Жалпы, дамыта оқыту терминінің дүниеге келуі В.В.Давыдов идеяларынан басталады. Дамыта оқытудың бәріне ортақ белгісін атап өтсек:

- дамыта оқыту педагогикадағы түсіндірмелі-иллюстративті әдісті алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуымен тығыз байланысты. Тұлға ұғымы – диагностикалық ұғым, өмірде ол дамып, өзгеріске ұшырап отырады;



- дамыта оқыту дамудың барлық заңдылықтарын ескереді және жеке бастың өзіндік деңгейі мен ерекшелігіне икемделін сәйкестендіріледі; оқыту дегеніміз – бұл адамның психикалық даму формасы және дамудың ең қажет элементі;
- дамыта оқытуда бала іс-әрекеттің толыққанды субъекті болып табылады;
- дамыта оқыту тұлғаның барлық қасиетін тұтас дамытуға, яғни жан-жақты дамытуға негізделген;
- дамыта оқыту баланың жақын даму аймағында жүзеге асады;  
Жақын даму аймағы дегеніміз – тұлғаны мәселені өз бетімен шешу мүмкіндігінен ересектермен бірлесе шешу мүмкіндігіне өтуі.

Педагогикада бала дамуының екі деңгейі бар екендігін айту жөн:

- белсенді даму аймағы – баланың бұрын қалыптасқан қасиеттерімен өз бетімен әрекет ету деңгейі;
- таяу даму аймағы - әзірге өз бетімен шеше алмайтын, бірақ ересектер көмегімен шешуге шамасы жететін деңгейі.

Енді психологияны меңгертуде дамыта оқыту технологиясының атқаратын қызметіне тоқталайық.:

- дамыта оқыту технологиясы студенттердің өз бетімен жұмыс жасауына және қоғамдық белсенділігінің артуына әсер етеді;
- дамыта оқыту технологиясы арқылы студенттер оқу материалын меңгеруде туындайтын сұрақтарға еш кедергісіз жауап таба алады;
- олардың жаңа тақырыпты игеруге қызығушылықтары артып, теориялық білімдері толығырақ түседі;
- студенттердің дамыта оқыту технологиясы арқылы ойларын талдап, дәлелдеп айту дәрежесі қалыптасқан сайын оны қолдану аймағы да кеңейеді, студенттердің шығармашылық мүмкіншілігі өседі.

Психология пәнін дамыта оқыту технологиясы бойынша оқытудың басты маңызы мынадай:

- студент психология ғылымымен таныс болу барысында өзінің ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастырады;
- студент психология сабағында бұрын өткен материалдарды есте сақтап, жаңа тақырыпты меңгеруге білім деңгейінің қаншалықты дәрежеде екендігін анықтай алады;
- студенттің білім алуға, психология пәнін тереңдей игеруге деген ықыласы артады;
- дәстүрлі сабақта мұғалім басты рөл атқарса, дамыта оқытуда білім алу студенттің белсенділігіне байланысты болады.

Психологияны дамыта оқыту технологиясы мынадай негізгі ерекшеліктермен айқындалады:

- оқыту мазмұны студенттердің қызығушылықтарына сай жүзеге асады;
- психологияны оқыту барысында басшылыққа алынатын дидактикалық ұстанымдар дәстүрлі оқыту жүйесіндегі ұстанымдардан ерекшеленеді;
- сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер басқаша ұйымдастырылады;
-



- психология сабағында мұғалім мен студент арасында жаңаша қарым-қатынас орнайды.

Сонымен, психологияны дамыта оқыту технологиясы дегеніміз – психология пәні сабақтарында студенттердің шығармашылық қабілетін, танымдық қызығушылығын арттыратын, олардың өз бетінше ой қорытуына жағдай жасайтын, мұғалім мен студент арасында ерекше қарым-қатынас тудыратын оқытудың жаңа түрі.



А. Ж. ІЗТЛЕУОВА

### МЕНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯМ

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуге мектептің алатын орны айрықша. Біздің болашағымыз – бүгінгі жасөспірімдер. Біз оларды қалай тәрбиелесек, ертеңгі ел болашағы сол деңгейде болады, сол себептен бала бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін, рухани дүниесін қалыптастыратын басты тұлға - Ұстаз. Ұстаздық – киелі, әрі өте көне, мақтан тұтар мамандық.. Адам баласының жанын нұрландырар ұғымның ұлысы - Ұстаз.

Елбасымыз *Н.Ә.Назарбаев* «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» - деп Білім қызметкерлерінің I Құрылтайында атап көрсеткендей, ұрпақ тағдыры үшін жауап беру - ұстаз атаулыға үлкен салмақ тастап отыр. Білім кілті ұстаздың кең пейілді жарқын бейнесі мен білімдарлығы арқылы шәкірт санасында терезе болып ашылмақ. Ұлы ағылшын ағартушысы *Уильям Уорд*: *Жай мұғалім хабарлайды,*

*Жақсы мұғалім түсіндіреді,*

*Керемет мұғалім көрсетеді,*

*Ұлы мұғалім шабыттандырады,* - деген еді.

Халқымыз әрқашанда ұстаз мәртебесін көтерін, аса жоғары қастерлеп бағалаған. «*Ұстаздың еткен жалықпас, үйретуден балаға*», «*Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан болады*»- деп *Абай* атамыз айтқан болса, ал чехтың педагогы *Я.А. Каменский* «... *мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі*» деп жазған. Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды саналы етіп тәрбиелеу әрбір ұстаздың борышы. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, мұғалімі олардың осы талпынысын дамытуға көңіл болуі тиіс. «*Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады*», - деп қытайдың дана ойшылы *Конфуций* айтқандай өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы мен танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай білетін, педагогикалық үрдістің заңдылықтарымен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарынан хабардар және практик оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын, еңбекқор адам, ең бастысы оқушыны сүйетін, түсінетін ғана ұлағатты Ұстаз бола алады. Сол себептен бұл өмірде көп мамандықтардың ішінде жүрек қалауымен мен ең қастерлі мамандық- Ұстаз мамандығын тандадым. «*Ұстаз- мектеп жүрегі*» деген қағиданы ұстанып, оқушының әрі досы, әрі ақылшысы, әрі сырласы болуға тырысамын. Әр класымнан масаттанып, рахаттанып шығуға ұмтыламын. Мамандығым, пәнім менің өмірім, сондықтан да менің бойымдағы бар жақсылығымды, білімді, ақылымды, идеямды, өмірімді, уақытымды осы жолға арнадым және оған өкінбеймін. Оқушыларымның көзінен де, сөзінен де



түсіністікті, жанашырлықты, жақсы көрушілікті сезінген кезде мамандығына қалай мақтанбассың, қалай шабыттанбассың. Әрине, бірден нағыз ұстаз болған жоқпын, оған уақыт кетті. Мұғалім ұстаздыққа жету жолында үйрену үстінде болса, іздену үстінде болса, үлгі алу үстінде болса ғана нағыз ұстаз бола алатыны ақиқат. Өсы қағидаларды есте сақтай жүріп, өзім сүйген, өзім қатты берілген мамандығымды қастерлеп келемін. Өмірге анасыз сәби келмейтіні сияқты ұстаздың да алдынан өтпейтін жан жоқ! Сондықтанда бұл мамандық қадірлі, бұл мамандық қастерлі. Менің түсінігімде ұстаздың сабағы айтып шығуында емес, қалай айтуында және өз пәнін жете меңгеруінде. Осы орайда *Құдайберген Жұбановтың «Если учитель будет знать предмет, то он может найти и методы»* дегенін әр ұстаз есінде ұстағаны абзал. Ұстаздық жолымда еш уақытта баланы, класты кінәлаған емеспін. Жаман бала, жаман класс болып жатса, ол бір кездегі, бір ұстаздардың жіберген кемшіліктері деп түсінемін, солай деп ортамда айтып та жүрмін. Әр кемшілікте нағыз ұстаздар кінәні біреуден емес, өзінен іздеуі керек, сонда ғана біздегі бар кемшілік жойылады және мұғалім үнемі өз кәсіби шеберлігін, шығармашылық деңгейін меңгеріп, ұмтылуы тиіс. Сонда ғана біздің оқушылығымыз жан-жақты білімді болып, 50 дамыған елдер қатарына қосыламыз.



## ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

---

**Б. КӘРТЕН**

### МҰХИТТЫҢ «ҮЛКЕН АЙДАЙ» ТУЫНДЫСЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

Тарихта өзіндік суреткерлік болмысымен есімін таңбалаған сирек дарактың бірі – Мұхит сал Мералыұлы. Ол этностық мәдени генофонымызға айтулы үлес қосқан тұлға. Есімі мектеп оқулықтарына енген. Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияда, музыка колледждерінде ашылған оның әншілік дәстүр – мектебі бойынша жастар білім алып шығады. Алайда, Мұхит салды композитор, әнші ретінде бір жақты уағыздау басым. Ақындығы, поэзиясындағы ойлау формаларының дүниетанымдық сипаты таразыланып оқытылмайды. Сондықтан бұған тіл-әдебиет ғылымы тарапынан нұсқа-жол көрсетілуі – қажеттілік. Бұлай деуіміздің себебі: халық композиторлары Біржан сал (1834-1897), Жаяу Мұса (1838-1929), Ақан сері (1843-1913), Балуан Шолақ (1864-1919) т.б. шығармалары жоғары оқу бағдарламаларына енгізілген, филология факультеттерінде арнайы оқытылады. Ал, Мұхит туындылары шет қалған. Тіпті елге жақсы таныс XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының еңбектері топтастырылған көп томдық «Бес ғасыр жырлайды» кітабында жоғарыда аты аталған тұлғалар есімдері бар, Мұхит мұнда тағы да ескерусіз қалған.

Мұхит поэзиясының танымдық қырын жан-жақты ашып көрсетудегі негізгі мақсат – ол ғұмыр кешкен дәуір келбетін, бағзы адамдар ой-санасын таныстыру, дарын шығармаларын филологиямен синкреттік тұтастықта қарастыру.

Ғылымда: «Тіл тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге, ол – әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен әдебиеті», – делінген тұжырым бар [1,208]. Осы пікірдің негізділігін Мұхит салдың ән-өлеңдері арқылы да қуаттап, көз жеткізуге болады. Бұған оның халыққа белгілі туындысы – «Үлкен айдай» нақты дәлел, ондағы сөз астарынан алыс дәуірдегі замана келбетін бажайлаймыз.

Былай дейді ол:

*«Дүние – қызыл түлкі бұлаңдаған,  
Бақ тайса ерге дәулет құралмаған.  
Мегзеген асқар тауға есіл көңіл,  
Дүниеде еш нәрсеге тыналмаған» [2].*

Өлең қуаты грациялық суреттеумен күшейген. Мұхит өмірдің өткіншілігін, тірліктегі арманның шексіздігін һәм тұрақсыздығын, бақ тайса дәулеттің де шайқалатын баянсыздығын *қызыл түлкіге*, оның шалт, жеңіл қимылына, айлалы қозғалысына балайды. Академик Рәбиға Сыздықова фольклорлық шығармалар туралы мынадай пікір айтқан: «Қазақ халқының өткен дәуірлердегі негізгі



шаруашылық күн көрісі малға, мал өсіретін кеңістік пен табиғатқа қатысты болғандықтан образдардың да басымы осы саладан алынады» [3,35].

Ой негізін ашуда, нақты ақиқатты дәлелдеуде «түлкі» сөзі халықтың қара өлеңі тармақтарында да кездеседі. Мысалы, «Дүние ойлап тұрсам қашқан түлкі, – Жігіттің қайда қалмас жиган мүлкі» [4,173]. Шәңгерей ақын да қолданған: «Құйрық атып құлия, – Түлкідей қашқан жымия. – Қараңды үзіп барасың, – Бізден де қайран дүния!» – дейді [5,33]. Айғаққа келтіріліп отырған бұл жолдардағы пікірлер де ғұмыр-тірлікті қашқан түлкі бейнесіне ұқсатады. Жалпы қазақ фольклорында қулық, залымдық түлкі арқылы беріледі. Уәдесіне тұрақсыз не пасық кісіні де соған теңеп жататынын білеміз.

Мұхиттың дүниенің баянсыздығы, не нәрсенің де мәңгілік еместігі турасындағы осындай өзіндік пайымдауына негіз болған жәйт – отарлық саясат еді. Оның жасы жиырмалардан енді аса бергенде, оң мен солын тани бастаған тұста қазақ халқының басына ауыртпалық түсті. Патша өкіметі 1864 жылы жаңа отарлық жетілдірілген реформа жасау жобасын қолға алды. Бұл іс төрт жылдан кейін аяқталып, 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының қырлық облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережемен» оны бекітті. Бұндағы басты мүддені: «Россия қол астындағы халықтарды бір басқарманың шеңберіне біріктіру, жергілікті ақсүйектерді өкімет билігінен тайдыру, қазақ даласының бірте-бірте Россияның басқа бөліктерімен қосылуына жету үшін рулық негіздерді әлсірету», – деп ашып көрсетеді тарих парақтарында түзілген тұжырымдар [6,410].

Осы «Ереженің» алғашқы жобасын талқылауына орыстың қоғам қайраткері, тарихшы А.И.Левшин де қатысып, ол – сұлтандарды өкімет билігінен тайдыруға, сондай-ақ, ру жігіне қарай басқаруды жоюға қарсылығын білдіреді. Оның бұл тілегі қабылданбады. Жер Ресей империясы меншігіне өтті. Облыстар құрылды. Облыстар уездерге, уездер болыстарға бөлінді. Салық түрі көбейтіліп, төлем мөлшері өсірілді. Рұқсатсыз мешіт салуға тыйым салынды. Әр болысқа бір ғана молда болады деген шектеу енгізді. Қазақтарды шоқындырудың амалдарын жан-жақты қарастырды. Сұлтандар село тұрғындары қатарына жатқызылды. Жаулаушы жат жұрттықтардың бүтін бір ұлттың басынан бағын тайдырған шектен асқан осы қысастығы, қиянаты өр рухты ақсүйек тұқымы Мұхиттың да жандүниесін күйзелткенін түсінеміз.

Уақыт өте келе өзгерістердің ауыр зардаптары көріне бастады.

Көшпелі елдің тіршілік көзі – мал. Оның өсім-өнімі шұрайлы жайылымға тікелей байланысты. Алайда, өріс тарылған. Бұның салдары күнкөрістің төмендеуіне әкелді. Бұл жәйді Мұхиттың «Азаға салған әнінен» аңғарамыз. Ол:

*«Мұхитта мал дегенде жалғыз сиыр,*

*Болады баспағымен төртеу биыл.*

*Салыңның алып келген иісі осы,*

*Жетекке жылқысы жоқ үйір-үйір»,* – деп қамығады [7,113].

Өлең мазмұнынан қоғамда зорлықпен орныққан әлеуметтік қайшылықтың туғызған жағымсыз салдары ап-айқын байқалып тұр.



Шығарманың тарихы былай екен: Мұхит Тайсойған құмы жақта аралап жүргенде белгілі бір кісінің беріліп жатқан асына кез болады. Ол сонда әлгі үйдің бәйбішесіне келін: «Марқұмның азасына бағыштағаным», – деп осы әнді салыпты [7,107].

Мұхит ғұмыр кешкен уақыт болмысын оның қоғамдық санасын бейнелейтін еңбектерін терең пайымдау арқылы тани аламыз. Ауылы аралас, араларында тек екі жас қана айырмашылығы бар өзінің тұстасы, М. Әуезов «зар заман ақыны» атаған атақты Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) да дәуір сүреңіне наразылық білдірін өткені тарихтан белгілі [8]. Демек, осы кезеңдегі тұлғалардың шығармаларына торығу, қапалану сезімдерінің үнемі, тұрақты өзек болуы – заңдылық.

Мұхит қолданған «түлкі» атауы ойдың идея - мазмұнын ашуда өлеңде экспрессивті қызмет атқарып тұр. Бұған профессор М. Қараевтың сөздің әуелгі тура мағынасынан полисемияға айналу себептеріне жасаған мына тұжырымы: «Адамның санасында қалған... зат туралы түсінігі басқа бір затқа да байланысып, ұқсап тұрады, соның нәтижесінде, екі заттың не сапасында не атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастық негізіне сүйеніп, адамдар өзара ұқсас екі, я бірнеше затты бір атаумен атауға мәжбүр болады», – деп түсінік береді [9,36].

Әдетте *түлкі* құйрығын біресе оң жаққа, біресе сол жаққа бұлаң еткізіп, айламен ауық-ауық жалт бұрылып, бағдарын жиі өзгерте қашатыны белгілі. Сондайда оны қуған тазының екпінін тежей алмай басқа бағытқа ағып өтетін кездері де болатыны аян жәйт. Көшпелі заман перзенті Мұхит та табиғат аясынан бұрын қабылданған осы бейненің тұтас көрінісін жадында қайта жаңғыртып, абстрактілі ұғыммен салыстыра елестетіп әрі оларды шығармашылық қиялымен параллель етіп біріктіруі арқылы сезімінің психологиялық-эмоциональдық күйінішін пікір өзегі – «Үлкен айдай» атты шығармасында шебер аша білген. Бұдан Мұхит салдың өз аңдауын, өз ойлау қисынын зерделейміз.

Әдебиеттер

1. Философия. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы.– Алматы: Рауан, 1991 жыл.
2. Құрманғалиев Ғарифолла. Мұхиттың әндері. Алматы, «Дастан» дыбыс жазу студиясы, 2001жыл.
3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993 жыл.
4. Қара өлең. Ел аузынан жинап құраст., алғы сөзін жазған Оразақын Асқар. - Алматы: Жазушы, 1989 жыл.
5. Бес ғасыр жырлайды. (XV- XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары) 3-том. – Алматы: Жазушы, 1985 жыл.
6. Қазақ ССР тарихы. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957 жыл.
7. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары (Қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер). – Алматы: Жазушы, 1975 жыл.
8. Мұрат. Құрастырған Б. Қорқытов. – Алматы: Арыс, 2001 жыл.
9. Қараев М. Қазақ тілі. Педагогикалық училищелер мен колледждер оқушыларына арналған оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1993 жыл.



## ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

---



**Ж. А. МОЛДАГУЛОВА**

### ОСНОВНЫЕ ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ФОРМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

Процесс государственного управления имеет своим содержанием деятельность субъектов административного права, которая осуществляется посредством определенных административно-правовых форм, процедур и методов.

Формы государственного управления - это внешнее практическое выражение управленческой деятельности в конкретных действиях, совершаемых субъектами управления.

Другими словами, административно-правовая форма - это юридическое выражение конкретных действий и решений органов государственной администрации и иных субъектов административного права в процессе осуществления исполнительной и распорядительной деятельности. Она представляет собой юридически значимые способы реализации субъектами административного права своих полномочий, прав и обязанностей, отражающих особенности их правового статуса.

Сказанное свидетельствует о том, что форма управленческой деятельности выражает её содержание. Фактически речь идёт о том, как осуществляется сама управленческая деятельность. Все формы управленческой деятельности прямо или косвенно предопределены в своей основе нормами, с помощью которых государство регламентирует деятельность государственного аппарата.

Форма государственного управления есть объективированное выражение сущности деятельности органов и должностных лиц, которые осуществляют управление. Так как посредством форм практически реализуются задачи и функции управления, то в зависимости от того, какие формы использованы, в значительной мере зависит успех управленческой деятельности. Выбор формы



управления предопределяет целесообразное выполнение функции управления, достижение целей управления с наименьшими затратами сил, средств и времени.

Закономерности:

Форма должна соответствовать характеру данной функции.

Форма должна соответствовать компетенции.

Должна соответствовать особенностям конкретного субъекта управления.

Соответствовать целям данного воздействия (надобность в данных юридических последствиях).

Общепризнанная классификация форм управленческой деятельности в юридической литературе отсутствует, при этом существует многообразие форм их направленности и различное конкретное содержание. Однако, несмотря на неоднозначную интерпретацию, различают правовые и неправовые формы управления. Чаще всего различают в зависимости от их характера, однако этот критерий не всегда чётко выдерживается.

Правовой считается деятельность, которая непосредственно влечет определенные правовые последствия и осуществляется на основе довольно полного юридического оформления.

Неправовыми формами деятельности исполнительной власти считаются организационные действия и материально-технические операции. Они тоже осуществляются в рамках действующего законодательства, но часто такая деятельность правом регламентируется лишь, в общем. Главная же их особенность состоит в том, что эти действия непосредственно юридических последствий не влекут.

Чаще всего встречаются такие организационные действия, как проведение совещаний, обсуждений, проверок, распространение передового опыта, разработка прогнозов, программ, методических рекомендаций, осуществление бухгалтерского и статистического учета, организация демонстраций, пресс-конференций, встреч с трудовыми коллективами, представителями общественных объединений.

Разделение форм управления на правовые и неправовые, представляется несколько условной и недостаточной.

Ведь на самом деле все формы государственного управления - правовые (нормативные акты, издание индивидуальных актов, заключение административных договоров и др.) и неправовые (осуществление организационных действий, совещания, семинары и другие материально-технические действия) - в определенном смысле являются правовыми, имеющими соответствующую юридическую базу, основаны на правовых актах и предписаниях, без которых они не могут возникать, функционировать и применяться на практике.

Правовое начало так или иначе заложено в любой из названных форм независимо от того, причисляются ли они по существующим классификациям к правовым или неправовым, что, конечно, не означает отсутствия различий между ними. Такие различия существуют, они достаточно заметны и существенны.



Главное же состоит в том, что при непосредственном применении они не создают юридических последствий, прямо не связаны с совершением юридически значимых действий, хотя оказывают серьезное влияние на указанные последствия и действия, являются нередко их условием, предпосылкой. Например, чтобы коллегиальный исполнительный орган принял квалифицированное и обоснованное решение, необходимо тщательно и всесторонне подготовить заседание, совещание, семинар участников такого органа с целью обеспечения принятия эффективного решения (постановления либо другого правового акта). [1]

Исходя из сказанного, представляется целесообразным более широкое определение административно-правовых форм управления как совокупность действий и правовых актов (постановлений, распоряжений, приказов, инструкций, положений, правил и т.п.), которые служат осуществлению, реализации целей, задач, функций и полномочий, принадлежащих в соответствии с законодательством субъектам административного права.

Для реализации своих властных полномочий в процессе государственного управления органы исполнительной власти используют такие правовые формы как:

- 1) издание административно-правовых актов (правовых актов управления);
- 2) заключение договоров (например, административных договоров, международных соглашений);
- 3) совершение иных юридически значимых действий, вызывающих определенные правовые последствия (составление отчетов, регистрация фактов, выдача справки о месте работы, составление административных протоколов и т.д.).

Для достижения стоящих перед ними задач субъекты исполнительной власти издают огромное число правовых актов. С их помощью устанавливаются новые юридические нормы, изменяются или отменяются старые (правотворческая деятельность), формируются новые правоотношения, изменяются, прекращаются ранее действовавшие (правоприменительная деятельность).

С каждым годом расширяется договорная практика субъектов исполнительной власти. Если в прошлом они в основном были стороной в трудовых отношениях (коллективных, трудовых договорах), то теперь они заключают много административных договоров (соглашения между разными субъектами управления, контракты о службе в милиции, вооруженных силах и т. д.).

И хотя при вступлении в гражданско-правовые сделки они выступают в другом качестве, действуют как юридические лица, их участие в гражданско-правовых договорах можно рассматривать как вспомогательную деятельность, способствующую выполнению их основной - управленческой функции.

Принятие и исполнение административно-правовых актов является одной из основных форм реализации исполнительной власти. В процессе государственного управления возникает потребность в конкретизации норм законов, которая и осуществляется путем издания административных актов. Они служат для установления правовых норм либо для разрешения индивидуальных



юридических ситуаций путем применения правовых норм. Издание и исполнение этих актов - важная часть управленческого процесса, направленного на осуществления функций исполнительной власти.

Критерием понятийного аппарата акта государственного управления является юридически властный, организационный, подзаконный характер, сферы и субъектов применения.

Административно-правовой акт - это основанное на законе официальное юридически-властное решение полномочного субъекта исполнительно-распорядительной деятельности, принимаемое в одностороннем волевом порядке с соблюдением определенной формы и процедуры и направленное на установление административно-правовых норм или на возникновение, изменение либо прекращение административно-правовых отношений в целях реализации управленческих задач и функций исполнительной власти.

Акты управления обладают характерными чертами:

- 1) является правовой формой управленческого решения;
- 2) выражает юридически значимое волеизъявление субъекта исполнительной власти в виде предписания, обязательного для адресата;
- 3) официальный характер правового акта состоит в том, что он издается от имени определенной структурной единицы государственного аппарата, выражает волю государства, влечет служебные последствия;
- 4) издается в одностороннем порядке, т.е. выражает волю только одной стороны - субъекта исполнительной власти;
- 5) носит подзаконный характер, т.е. должен издаваться в соответствии с законом;
- 6) является решением полномочного органа исполнительной власти, принимаемым по вопросам и в пределах его компетенции определенной законом;
- 7) устанавливает в сфере ведения конкретного субъекта исполнительной власти обязательные правила поведения либо регулирует конкретные управленческие отношения и решает индивидуальные административные дела;
- 8) принимается с соблюдением определенных установленных процедур. Решение субъекта власти становится правовым актом, когда оно надлежащим образом оформлено; несоблюдение содержащихся в нем юридически властных предписаний влечет ответственность виновной стороны;
- 9) может быть в установленном законе порядке опротестован или оспорен.

Каждый административный акт имеет свое содержание и форму.

Содержание административного акта включает три основных элемента:

- 1) волеизъявление уполномоченного органа, которое не должно выходить за пределы его компетенции (это волеизъявление должно быть свободным, т.е. не формироваться под влиянием обмана, заблуждения или принуждения);
- 2) юридическое существо этого волеизъявления (назначить, установить, разрешить, предоставить, отозвать, лишить, наказать и т.д.);
- 3) условия, обязательства и поручения, сопровождающие основное решение.

Форма административного акта - это внешнее выражение содержащейся в нем воли, мотивов и целей его принятия. Эта форма может быть представлена в виде указов, постановлений, распоряжений, приказов, указаний, инструкций, положений и т.д.

Административный акт только тогда выполняет свое властное предназначение в процессе государственного управления, когда он действует.

Действие административного акта выражается в том, что он обладает юридической силой, выступает обязывающей или управомочивающей формой действий субъекта исполнительной власти и вызывает те юридические последствия, ради которых он был издан. Для того чтобы административный акт обладал юридической силой, он должен отвечать определенным требованиям:

1) правовой акт управления не должен противоречить Конституции Республики Казахстан;

2) правовой акт не должен ограничивать или нарушать установленные государственными законами права и законные интересы граждан, общественных объединений, предпринимательских и коммерческих организаций, фирм и иных ассоциаций и объединений этого рода;

3) в издании акта должны применяться лишь те его наименования, которые предусмотрены законодательством и издаваемым данным органом исполнительной власти правовым актом;

4) необходимо строго и неукоснительно соблюдать установленный порядок подготовки, обсуждения и принятия правовых актов управления. К числу конкретных требований, относящихся к данному пункту, могут быть отнесены: соблюдение коллегиальности, необходимость согласования проектов актов с заинтересованными сторонами, соблюдение предусмотренных реквизитов, т.е. штампов, печатей, подписей, бланков органа, издающего акт, подписей исполнителей, сроков исполнения и др.;

5) правовой акт управления должен быть издан полномочным органом (органом исполнительной власти, органом управления предприятия, хозяйственного объединения, учреждения, соответствующим должностным лицом) и в пределах его компетенции.

Нарушение данных требований является основанием для признания административных актов незаконными, т.е. не имеющими юридической силы.

Акты государственного управления отличаются от других актов иных органов. Акт от закона отличается тем, что носит подзаконный характер, издается на основе и во исполнение закона. Закон имеет высшую юридическую силу. Под юридической силой акта того или иного органа понимается его соотношение с правовыми актами других органов.

Юридическая сила правовых актов государственных органов определяется местом этих органов в государственном аппарате и полномочиями по осуществлению функций государства, однако, это не означает большую или меньшую значимость этих актов. Степень юридической силы актов, это не только мера обязательности исполнения, а вопрос внутреннего взаимоотношения,



взаимосвязей актов между собой. Высшая юридическая сила закона проявляется в том, что никакой акт управления не может отменить или изменить закон. Законом же может быть оказано влияние на акт (отмена и т.п.).

Правомочие на признание акта незаконным имеют:

- 1) орган исполнительной власти - автор акта может признать неправомерность и отменить его;
- 2) вышестоящие органы исполнительной власти, наделенные правом отмены неправомерных актов нижестоящих органов государственной администрации (Президент, Правительство и т.д.);
- 3) судебные органы (общий и арбитражный суды, Конституционный Суд Республики Казахстан).

Признание акта незаконным осуществляется в двух основных формах:

- 1) признание неправомерного акта недействительным - недействительный административный акт не порождает юридических последствий с момента его принятия;
- 2) признание такого акта недействующим - недействующий административный акт не порождает юридических последствий с момента вступления решения суда по данному акту в законную силу либо с момента вступления решения в законную силу решения административного органа о его отмене.

#### Литература

1. Габричидзе Б. Н., Чернявский А. Г. Административное право. - М.: Проспект, 2004, с. 206

#### Түйін

Мақала авторы мемлекеттік басқарудың негізгі әкімшілік құқықтық нысандары туралы жазған.

**Э.Е. АХМЕТОВА**

### **МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЖАБУ ТӘСІЛДЕРІ**

Мемлекеттік бюджет – ұлттық табыс пен жалпы ішкі өнімді қайта бөлудің негізгі құралы. Мемлекеттік бюджеттің (шығыс бөлігінің) көмегімен ұлттық табыстың 30%, жалпы ішкі өнімнің 20%, жалпы қоғамдық өнімнің 10% бөлінеді және қайта бөлінеді. Бюджет Қазақстанның бүкіл аумағында өндірістік күштерді неғұрлым ұтымды орналастырудың, экономика мен мәдениетті көтерудің талаптарын ескере отырып салааралық және аумақтық қайта бөлу үшін пайдаланылады.

Сонымен бірге бюджеттік тапшылық пайда болуының негізін айыру қажет, себебі ол, негіз әр түрлі болады және тапшылықтың сапасын сипаттайды. Тапшылықтың шығуы, біріншіден, ел экономикасының әрі қарай дамуын мемлекеттік реттеу үшін оған бірталай мемлекеттік салымдар жасау қажеттілігіне байланысты болуы мүмкін. Екіншіден, тапшылық төтенше жағдайлар себебінен шығуы мүмкін, үшіншіден, экономиканың дағдарысына байланысты, яғни экономика құлауда, ал Үкіметтің қаржы ахуалын басқаруға қабілеті жоқ болған жағдайда.

2007 жылғы шілденің 1-і күнгі жағдай бойынша Қазақстанның мемлекеттік қарызы өзара талаптарды есептемегенде 1 477,0 млрд. теңгені құрады. Мәліметтер бойынша, мемлекеттік қарыздың ішіндегі үкіметтік қарыз – 604,2 млрд. теңге, оның ішінде ішкі қарыз - 438,6 млрд. теңге, сыртқы қарыз - 165,6 млрд. теңге. Мемлекеттік қарыздың жалпы көлеміндегі үкіметтік қарыз 40,9 пайызды құрайды. Ұлттық банктің ішкі қарызы дисконтты баға бойынша 867,5 млрд. теңгені немесе мемлекеттік қарыздың жалпы көлемінің 58,7 пайызын құрады. «Мемлекет кепілдік берген қарыз төмендеуде. Ол 2007-ші жылғы шілденің 1-інде 69,4 млрд. теңгені құрады. Соның ішінде ішкісі – 4,4 млрд. теңге, сыртқысы – 65,0 млрд. теңге.

Бірінші тоқсанда министрлік республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыруды сыртқы заемдар есебінен азайтқан. Сондай-ақ қызмет көрсетуі



барынша қымбат үкіметтік заемдар мерзімінен бұрын өтелін, бірінші жарты жылдықта бюджет қаржысынан қалған бос қаражаттан сомасы 13,5 млрд. теңге үкіметтік сыртқы заемдар өтелген.

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында мемлекеттік бюджетке сыртқы заемдарды есепке алмағанда 1,32 трлн. теңге қаржы түсті. Бұл жоспардағыдан 0,6 пайызға артық. Осы кезеңде мемлекеттік бюджеттің шығыстары 1,4 трлн. теңгені немесе жоспардың 94,8 пайызын құраған. Жоспарланған тапшылық кезінде, іс жүзінде бюджет тапшылығы 77,8 млрд.теңге сомасында болған.

Мемлекеттік бюджет кірісі бойынша жоспар 100,6 пайызға орындалды немесе 1 трлн. 314,4 млрд. теңге кіріс түсті.

Мемлекеттік, соның ішінде жергілікті бюджеттердің өсім қарқыны 2006-шы жылдың 1-ші жарты жылдығымен салыстырғанда тиісінше 105,5 және 134,6 пайызды құраған. Республикалық бюджет бойынша төмендеу болды. Бұл кірістің аз түскендігінен емес, бұл Ұлттық қорға мұнай секторынан түсетін түсімдердің өткен жылдың бірінші жарты жылдығында бюджет арқылы жүзеге асырылуынан болды.

Қазақстан, әзірше негізінен алғанда, мұнай экспортері ретінде әйгілі.

Мұнайдан басқа да әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті салалар бар.

Олар: металлургиялық өнімдер, оның ішінде прокаттың бірнеше түрі, түсті металдар, сосын химиялық өнімдер, мәселен, фосфор, тыңайтқыштар. Мұнай өнімдері, мақта...

Ауыл шаруашылығы саласынан – ет, ұн, астық...

Мұнай-химия саласында да біздің мүмкіндігіміз көп. Полиэтилен, полипропилен, стирол, полистирол, этиленгликол, бензол, метанол деген сияқты қаптаған мұнай-химия өнімдерін шығаруға жағдайымыз жетеді. Бұл өнімдердің бәрі де әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті.

Жеті кластерді құру жөніндегі жұмыстар жүріп жатыр. Туризм, тамақ өнеркәсібі, мұнай-газ, мәшине құрылысы, тоқыма өнеркәсібі, көлік логистикасы, металлургия және құрылыс материалдары дейтін салалар бойынша нақты жұмыстар қолға алынды. Дәл осы бағыттар Қазақстан экономикасының жаңа өсу нүктелері болатындығы даусыз. Өсы кластерлерді дамыту арқылы біз әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнімдер мен қызмет түрлерін ұлғайта аламыз.

Жоспардың бекітілгеніне жарты-ақ жыл болды. Әйтсе де бірқатар кластер бойынша қазірдің өзінде нәтижелер бар. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында “Оңтүстік” еркін экономикалық аймағы құрылды. Мақта-тоқыма саласы шеңберінде құрылған бұл аймақ киім тігу, мата өндіру ісі бойынша өндірісті дамытуға қосымша инвестиция тартуға қолайлы. 2007 жылдың 9 айында нақты бюджет тапшылығы 117,9 млрд теңге болды. Жоспар бойынша тапшылық 349,6 млрд теңге болғанына қарамастан, іс жүзінде ол 117,9 млрд теңге деңгейінде қалыптасты. Өткен 9 айда сыртқы берешектерді есепке алмағанда мемлекеттік бюджет түсімдері 2 трлн теңге болып, жоспардан 0,8% асты. Шығындар 2,2 трлн теңге, немесе жоспардың 95,5% құрады.

2008 жылға арналған республикалық бюджет көлемде бекітілген:



- 1) кірістер – 2 687 282 259 мың теңге;
- 2) шығындар – 2 676 161 253 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо – 11 121 006 мың теңге;
- 4) таза бюджеттік кредит беру – 55 686 680 мың теңге;
- 5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 165 938 207 мың теңге;
- 6) тапшылық – - 210 503 881 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 1,4 проценті;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 210 503 881 мың теңге.

2008 жылы бюджет тапшылығы Жалпы ішкі өнімге шаққанда 1,3% құрайды.

"Тапшылық 197,6 млрд теңге, немесе Жалпы ішкі өнімге шаққанда 1,3% құрайды деп болжануда.

2008-жылы республикалық бюджетке аударылатын жалпы түсімдер көлемі 2 трлн 692,1 млрд теңге, немесе Жалпы ішкі өнімнің 17,7% деңгейінде болмақ. Ал кіріс 2 трлн 684,7 млрд теңгеге жетеді. Салық түсімдері 2 трлн 209 млрд теңге, салық емес түсімдер - 43,5 млрд, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 8,7 млрд теңге болмақ. Даму бағдарламаларын қаржыландыруға арнап Ұлттық қордан бөлінетін трансферттер 341,4 млрд теңге көлемінде жоспарланған.

Бюджет шығындары 2 трлн 889,7 млрд теңге, немесе Жалпы ішкі өнімге шаққанда 18,9% деңгейінде болжанған. Ал әлеуметтік блокқа арналған шығындар 936,9 млрд теңге, немесе бюджеттің жалпы көлемінің 32,4% деңгейінде межеленген.

Мемлекеттік бюджеттің саң қырлы маңызын ескере отырып, оны тек экономикалық категория және мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры ретінде ғана емес, сонымен бірге қаржы жоспары, әлеуметтік экономикалық процестерді реттеу механизмнің жиынтығы ретінде көруге болады.



**К.Ж. ШЕКТІБАЕВА**

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙЫ МЕН ГАЗЫНА КӨЗ ТІГЕР АЗ БА?

Жетпіс жыл бойы Қазақстанның кең байтақ жерлері игерілмегені белгілі. Тәуелсіздікпен бірге жан-жағымызға қараған тұста, өз байлығымызға өзіміздің қолымыз жетпей оңалмайтынымыз байқалды. Міне, осы кезеңде елдің тек ертеңгі күнін ғана емес, алысын да болжаған, алға нақты мақсаттар қойған “Қазақстан-2030” Стратегиялық бағдарламасы дүниеге келді. Арадағы 10 жылда Қазақстан бүкіл әлем көз тіккен байлығы — мұнай-газ секторының дамуына, оны өндіру мен экспортқа шығаруға қол жеткізді. Стратегиялық бағдарламада бұл салаға қойылған міндет те осы болатын. Жер қойнауын пайдалануға тартылған инвестиция көлемі 1997 жыл мен 2006 жылдар аралығында 5 есеге өсіп, 3,1 млрд. доллардан 14,8 миллиардқа жетті. Ал осы секторға тартылған шетелдік инвестиция 80 пайыз көлемінде болып отырған. Жер қойнауын пайдаланудағы жалпы инвестицияның 83 пайызы пайдалы қазбаларды өндіруге жұмсалса, көмірсутекті шикізат инвестиция құюдың басым бағыты болуда.

2006 жылы 1997 жылмен салыстырғандағы газ өндіру 3 есеге артып, 27 млрд. текше метрге жетті. 2006 жылы мұнай және газ өңдеуші кәсіпорындарда 1265,5 мың тонна сұйытылған көмірсутек газы 2005 жылға қарағанда 101,2 пайызды құраған. Облыстардың газды пайдалануы 7 956,9 млн. текше метр болып, 2005 жылмен салыстырғанда 9,9 пайызға өскен. Біздің аумағымыз арқылы газ тасымалдау 107 076,5 млн. текше метр болып, алдыңғы жылға қарағанда 92,5 пайызға көтерілген. Газды экспортқа шығару 7923,1 млн. текше метр болған, бұл да 2005 жылмен салыстырғанда 4,5 есеге көп. Табиғи газды импорттау көлемі 3237,8 млн. текше метр құраған, бұл 2005 жылдың қорытындысынан 6,5 есеге артық.

Орал қаласында өткен Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аймақтары басшыларының форумында Қазақстан Республикасының Президенті және Ресей Федерациясының Президенті қол қойған Қарашығанақ газын өңдеу мен пайдаланудағы ұзақ мезімді ынтымақтастық туралы бірлескен декларацияны орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Орынбор газ өңдеу зауыты базасында шаруашылық нысанын құру туралы келісім жасалды. Мұндағы өңделген газды жіберудегі басым бағыт болып ішкі нарық белгіленіп отыр. Аталған жобалардың негізінде “ҚазМұнайГаз ҰК” АҚ мен “Газпром” АҚ арасында Қарашығанақ кен орнының өңделген газын



Қазақстанның ішкі нарығына жылына 6 млрд. текше метр көлемінде тасымалдауға 15 жыл мерзімге келісімге келді. Сонымен қатар “Узбекнефтегаз” және “ҚазМұнайГаз ҰК” АҚ және “Газпром” АҚ арасында өзара табиғи газды тасымалдау жөнінде де келісім жасалынды. Нәтижесінде 3,5 млрд. текше метр газбен еліміздің оңтүстігі мен Ақтөбе облысын қамтамасыз етуге қол жетті. 2006 жылдың ішінде Жамбыл облысындағы Амангелді газ конденсатты кен орнын игеру жұмыстары әрі қарай жалғастырылды.

2007 жылы 29 млрд. текше метрден астам газ өндіру жобаланса, оны жүзеге асыруда жаңа кен орындарын игеру, олардан түсетін өнімдер де есепке алынып отыр.

Болашаққа жол нұсқаған стратегиялық бағдарламада мұнай мен газ тасымалдау бағыттарын әртараптандыру мен құбырлар жүйесіне мән берілген. КТК құбырының өткізгіштік қабілетін жобаланған 67 млн.тоннаға жеткізу, оның ішінде қазақстандық мұнайды жылына 50 млн.тоннаға жеткізу мәселесі қолға алынуда.

Келесі бір маңызды бағыт – Қазақстан мұнайының Атырау – Самара құбыры арқылы тасымалдануы. Бүгінгі күні құбырдың өткізгіштігі жылына 15 млн. тоннаны құрап отыр. Құбырдың жұмысын жақсарту мақсатында елімізде 148 шақырым жердің құбыры жаңартылды.

Экспортқа шығарудың тағы бір маңызды бағыты – Құрық арқылы Баку – Тбилиси – Жейхан транспорттық желісіне қосылу. Ескене – Құрық мұнай құбыры біртұтас транспорт дәлізіне интеграциялануға жол ашады. Ескенеден құбыр арқылы жеткен мұнай Каспий жағалауынан орын тепкен Құрық кентінде салынатын мұнай терминалына жеткізілді. 739 шақырымға созылған Ескене – Құрық мұнай құбырының бірінші кезектегі өткізу мөлшері жылына 23 млн. тоннаны құрайтын болса, келешекте ол 35-56 млн. тоннаға жетеді деп жоспарлануда.

Қазақстан – Қытай мұнай құбырының екінші кезеңін іске қосуда Кеңқияқ – Құмкөл мұнай құбырын салу, Құмкөл – Қарақон – Атасу аралығындағы мұнай құбырларын реконструкциялау мен жаңғыртуды жүзеге асыру, Атасу – Алашанқай мұнай құбырының екінші кезеңін іске қосу, Кеңқияқ – Атырау мұнай құбырын реконструкциялау мен риверсиялау сынды жауапты да маңызды жұмыстар атқарылуы тиіс.

Әлемдік нарыққа шығудың баламалы жолы ретінде Бурғас-Александрополис мұнай құбырын салу да қарастырылуда. Басында 32 млн. тонна, кейін 50-75 млн. тонна мұнай тасымалдайды деп жобаланған 312 шақырымға созылатын бұл құбырдың құны 1 млрд. еуроны құрайды.

Стратегияда көрсетілген саланы дамыту мәселесі ҚР Үкіметінің үнемі назарында болып, оған арналған бірнеше салалық бағдарламалар қолға алынуда. Соның нәтижесінде өткен жылы наурыз айында Атырау облысында ҚЖЭС-480-де қуаты 42,9 МВт газ-турбиналы агрегат, қыркүйекте Оралдағы ЖЭС-те 28,5 МВт бу мен газды қондырғы, ал Ақмола ЖЭС-2 120 МВт турбогенератор пайдалануға



берілді.

2007 жылы Солтүстік Қазақстан мен Ақтөбе облыстарындағы электр желілерінің құрылыстары және ұлттық электр желісін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Мұнымен қатар Орталық Азия мен Пәкстан, Ауғанстан мен Қытайдың батыс аймақтарына электр қуатын жеткізетін жобаларға қатысу да қарастырылуда.

Биыл электр энергиясын өндіру еліміз бойынша 75,6 млрд. кВтч. құрайды деп күтілуде, бұл 1997 жылдың көрсеткішінен 45 пайызға артық.

Тәуелсіздік алғаннан бері шахтер қауымы 1 миллиард 200 миллион тонна көмір өндірді. Қазіргі уақытта сала қайта құрылу кезеңінен өтіп, жүрісін жөндеп, тынысын кеңейтті. Қайта құрылудың маңыздылығы сонда, көмір өндіруші ірі кәсіпорындар жекешеленіп, пайда бермейтіндері жабылды. Салаға шетел инвестициясы тартылып, менеджмент деңгейі көтерілді, ТМД-дағы және еліміздегі көмір рыногына мониторинг жүргізуге қол жетті.

Көмір өндіруде бүгінде 33 компания, оның ішінде 5 шетел және 28 отандық кәсіпорын жұмыстарын атқарып, еліміз көмір өндірісінде әлемдегі ондыққа кіріп отыр. Өткен он жылдың ішінде салаға 3,5 млрд. доллар көлемінде инвестиция тартылды.

Бүгінде көмір өндіру саласы электр энергиясын өндіруде 78 пайызға жетіп, тұрмыстық-коммуналдық секторды және халықты отынмен толықтай қамтамасыз етуде. Бір сөзбен айтқанда, көмір өндіру саласы нарықтық экономикаға жемісті түрде батыл енді.

Біздің еліміз барланған уран қоры бойынша әлемдегі алдыңғы орындарды иеленеді. Жер қойнауында барланған уран 25 пайызды құраса, оның 65 пайызы өндеуге жарамды, экологиялық қауіпсіз және экономикалық тұрғыдан тиімді болып келеді.

1997 жылы Елбасының Жарлығымен “Казатомпром” ҰК құрылды. Ұлттық компанияның тиімді жұмысы әлемдік уран рыногында тиімді маркетингке қол жеткізді, ресейлік кәсіпорындармен үзілген байланыстарды қайта тірілтті, сөйтіп уранның әлемдік рыноктағы қолайсыз жағдайына қарамастан 1997 жылдан уран өндіру деңгейі күрт көтерілді. 2000 жылы 1997 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсті.

Компания салаға шетелдіктерді де тартып, осы жылдар ішінде Канада, Франция, Ресей, Қырғызстан, Украинамен бірлескен кәсіпорындар ашылды. 2001 жылы Оңтүстік кен басқармаларындағы Ақдала, Южный, Мойынқұм, Оңтүстік Қарамұрын кен орындарында жаңа қуат іске қосылды. Уран өндіру тұрақты түрде өсіп келеді. 1997-2006 жылдар аралығындағы оның өсу деңгейі 25 пайызды құрайды.

Осы жылдар ішінде саланы дамытуды көздеген маңызды жобаларға көңіл бөлініп, уранды байыту ісі, кіші және орташа қуаттағы реакторлар, елімізде атом электр стансасының құрылысын жобалау, уран гексофториді және “Үлбі металлургиялық зауыты” базасында жылу бөлуші жиыны өндірісін жолға қою мәселелері қарастырылды. 2007-2009 жылдары Ақтау қаласында АЭС салудың



техникалық-экономикалық негіздемесі жасалынады. Атом өнеркәсібінің даму үрдісі 2010 жылы Қазақстанды уран өндіруде әлемдегі ең алдыңғы орынға алып шығады деп жобалануда.

Мұнай-химия өндірісінде оны дамытуға бағытталған 2004-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламаның екінші кезеңі жүзеге асырылуда. Бірінші кезеңде ойға алған шаралардың дені ойдағыдай аяқталды. Келешекте салынатын мұнай-химия кешендерінің экономикалық жағынан тиімділігінің қаншалықты болатындығы зерделеніп, олардың тізбесі жасалынды.

Мұнай химиясының базалық өнімі – этиленді өндеудің технологиялық және экономикалық негіздері жан-жақты қаралып, болашақта оны мейлінше кең көлемде пайдаланып, жоғары және төмен тығыздықтағы полиэтилен алу, полипропиленнің түр-түрін, стирол мен полистирол, этиленгликоль мен бензол, метанолдан өзге 20-дан астам өнімдер шығару көзделуде. Атырау облысында жылына 1,2 млн. тонна мұнай-химия өнімдерін шығаратын елімізде бірінші рет интегралданған мұнай-химия кешені құрылысын салуға дайындық шаралары жүргізілуде. Бұл кешеннің іске қосылуы Қазақстанда бірінші рет әлемдік деңгейде өнім шығарып, оны қосымша құнымен сататындай жағдай туғызады, ол әрине еліміздің мұнай-химия саласын өрге сүйрейтін, тың технологияларды дендеп енгізетін алғашқы қарлығаш. Соңынан лайықты ізбасарлары көктей қаулап, елдің бәсекеге қабілетті, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің санатынан көрінуіне әсерін тигізбек.



**Қ.О. СҮЛЕЙМЕНОВА**

## **АСТЫҚ НАРЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ МЕН ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**

Тарихи тәжірибе куәландырғандай, экономиканың тиімді жұмыс атқаруының негізі – нарық болып табылады. әлемде дамыған нарығынсыз экономмкалық шарықтаған бірде бір ел жоқ. Нарық - тұтынушы мен өндірушінің ғылыми үйлесімдік жоспарларын, шикізаттардың тиімді рентабельді қолданылуын, тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапалы және сандық ұсынысының төлене алатын сұранысын және қол жеткен нәтижелерге сай өндірістен түскен табысты бөлу жұмыстарын қамтамасыздандырады.

Заманауи отандық және шетелдік экономмкалық әдебиеттерде нарық категориясына деген көзқарастар диапазоны айтарлықтай кең: қоғамдық тұтастай өнім өндірудің қажетті элементі ретіндегі тек қана тауарлық қатынастардың сферасы сияқты классикалық саяси экономикалық түсініктен бастап, нарықтың экономикалық жұмыс атқаруы мен барлық шаруашылық субъектілердің өзара байланыстарын құрудың нақты түрі ретіндегі түсіндірмелеріне дейін.

«Үлкен коммерциялық сөздікте» «нарық» түсінігі ұдайы өндірістік байланыстардың құрушы және қозғаушы механизмі ретінде қарастырылады. Ол экономикалық дербес субъектілердің шаруашылық ету бәсекелестігі мен тауар-ақша қатынастарында, сонымен қатар нақты тауарды сатушы мен сатып алушы арасындағы келісім шарттары жүргізілетін сату-сатып алу актілерінің жиынтығында орналасады. Нарықтың аналогиялық түсінігі «Заманауи экономикалық сөздікте» де ұсынылған, онда нарық «... тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу, сауда келісімшарттарын жүргізу орны» және «сұраныс, ұсыныс пен бағаны қалыптастыратын тауарлар мен қызмет көрсетулердің айырбастаушылық экономмкалық қатынастары» ретінде түсіндіріледі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы англо-американдық саяси экономика өкілі Альфред Маршалл нарық ұғымын тауар-ақша қатынастарының дамыған экономикалық жүйесін құру мен халық қажеттілігін ескере отырып, тұтынушы сұранысы мен өндіруші ұсынысының өзара тұрақты іс-әрекеті ретінде түсіндіреді.

Кембелл Р. Макконел және Стенли Л Брюдің анықтамасына жүгінетін болсақ, «...нарық – бұл тауарлар мен қызмет көрсетулерді жеткізушілер мен Э.Дж. Доллан және Д.Е. Линдсей секілді заманауи американдық экономистер нарық



категориясын былай түсіндіреді: «нарық – бұл адамдардың бір-бірімен саудаға түсуінің кез-келген іс-әрекеті».

ТМД елдерінің экономикалық әдебиеттерінде де астық нарығына қатысты өзінше көзқарастар қалыптасқан. Зерттеушілердің бір бөлігі астық нарығын астық өнімдерін сату-сатып алу үдерісі мен шаруашылық байланыстардың жүзеге асатын орны деп түсіндіреді, яғни астық нарығының астарында астық өндірушілер және оларды сатып алушылар мен өңдеушілердің, сол өңделген өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы экономикалық қатынастар жүйесі жатыр.

Зерттеушілердің келесі бір тобы астық нарығын экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, сонымен қатар адамгершілік жағдайларды қамтитын көп факторлы түсінік ретінде қарастырады. Олардың пайымдауынша, «астық нарығының құрамына тұрғындарды қамтамасыз ететін нан, нан өнімдері, кондитерлік және кеспе өнімдерінің жоғары сапасы мен кең ассортиментіне әсер ететін қаржы-экономикалық, коммерциялық, несие-салықтық, әлеуметтік жағдайлар, іс-әрекеттер, нормалар мен құбылыстардың адамгершілік-этикалық және құқықтық өлшемдерін реттейтін жүйеледі қамтиды».

Зерттеушілердің 3-ші тобының Алтухов А.И., Бабков М.А., Васитын А.С. секілді өкілдерінің түсінігі бойынша астық нарығының астарында таза айырбас қарым-қатынасынан басқа, ақша-тауар қатынасын қамтитын астық шаруашылығы жатыр, ал ол өз алдына астық пен астық өнімдерінің өндірісін, оларды тұтыну мен өтелімдерін реттеп қана қоймай, барлық субъектілер арасындағы шаруашылық байланыстардың қалыптасуын қадағалап отырады. Бұл пікірлермен отандық экономистер де келіседі.

Біздің пайымдауымызша, астық нарығына соңғы топтың берген түсініктері оның негізіне нақтырақ келеді. Ол астық нарығына қажетті элементтер мен олардың арасындағы экономикалық байланыстарды реттейтін әдіс-тәсілдерді қамтиды. Бұл топ көзқарасының жағымды жағы – астық анығының негізі болып астық пен астық өнімдерін өндірушілер табылады. Осыған орай, бұл зерттеушілердің пайымдауынша өндірістің өзі астық шикізатын тұтынушы сұранысына сай көлемі, ассортименті және сапасы бойынша тиімді құра білуі тиіс. Автор бұл көзқарастарды ажырата отырып, кез-келген тауарлық нарықтың маңызды элементтері (әсіресе астық нарығының) өндіріс үдерісімен тығыз байланысты. Дәл осы үдерісте өндіріс шығынының әсерінен ұсыныс қалыптасып, сұраныс пен ұсыныс қатынасынан нарықтық баға қалыптасады. Бұдан шығатыны, астық нарығының қалыптасуы мен оның конъюктурасының реттелуі астық өндірісінің талаптарын, оның сақатлуын, өтелімі мен өңделуін жүйелік түрде оқып үйренуімізсіз жүзеге аспайды.

Өңдеу мен маркетингтің әрбір сатылы стадияларына ішкі ауыл шаруашылық өнімдерінің құны қосылады. Соңында, аяқталған өнім тұрғындарға сатылуы үшін бөлшек желілерге жеткізіледі. Осыған орай, нарықтық жүйесі бар елдерде саудасаттық нарығының шаруашылығы тікелей қарастырылады. Жоғрғы сатыда ауыл шаруашылығы фирмалары орналасса, ең төменгісінде соңғы тұтынушылар



орын тебеді. Сауда-саттық маркетингімен, өңдеу жұмыстарымен айналысатын фирмалар нарықтың аралық сатыларын қамтиды.

Сонымен, берілген жүйе жерді өңдеушілерден бастап, ауыл шаруашылық ресурстарын мен ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріп, өңдеушілермен қоса, оларды тұтынушыларға жеткізетін сауда ұйымдарының барлығын қамтиды.

Бұл жүйенің тұтас көрінісі мен оның құраушыларының арасындағы тығыз байланыстарды анықтау үшін жамушы елдерде «агробизнес» біртекті түсінігі жиі қолданылады. Сонымен қатар, тәжірибеде салалар мен нарықтың құрылымдық шекаралары сәйкес келмеуі мүмкін. Себебі, нарық – тұтынушы көзқарасына жақын тауарларды құрайды, ал салалар өндірістік көзқарасқа жақын тауарлардан тұрады. Срниң нәтижесінде, біртекті фирмалар бір-бірінің нарықтарына кіру үшін аз ғана потенциалды мүмкіндіктерге ие болады. Дамушы нарықтық экономикасы бар елдерде «нарық» пен «сала» түсініктері көбіне синонимдер түрінде қолданылады.

Ұйымдастыруғылық шекаралармен шектелген бір немесе бірнеше облыстардан құралған аумақтық нарықтар, өндірістің концентрациялануы және аймақтардағы арнаулы өндірістің дамуы сияқты факторларды анықтайтын белгілі-бір өзіндік дербес қасиеттерге ие. Еңбек бөлінісі мен ауыл шаруашылық өндірісінің арнайыландырылуының негізгі экономикалық факторлары болып жер, еңбекпен қамтамасыз ету, өндіріс өнімінің қоғамдық шығындары, аумақтық табиғи-климаттық потенциалы, олардың географиялық орналасуы, элеваторлардың, өңдеуші кәсіпорындардың, транспорттық және энергетикалық коммуникациялардың болуы табылады.

Экономиканың басқа да секторларында сияқты шаруашылықта да экономикалық дамудың жалпы заңнамалары қолданылады. Бірақ, баршаға аян, аграрлық сектор арнайы ерекшеліктерге ие. Бұл ерекшеліктерді өндіріс процестерінде ескерген жөн. Яғни, еңбектің негізгі құралы жер ресурстары болып табылады, сәйкесінше өнім өндіріс топырақтық-климаттық мен су ресурстарының барлығына тәуелді болады; ұдайы өндіріс процесі жыл мезгілімен байланысты болып келеді, себебі ол өндірістің жүзеге асуы мен дамуының нақты циклімен оқайласады; ауыл шаруашылығы дайын өнімнің шамамен 20 пайызы өндіріс құралы ретінде келесі сатылы циклінің құрамына кіреді. Аграрлық сектордағы шаруашылықтың нарықтық механизмінің жұмыс атқаруының өзіндік ерекшеліктеріне тек қана биологиялық және табиғи-климаттық процесстер әсер етіп қоймай, сонымен қатар нарық механизмінің элементтерінің қалыптасу заңдылықтары да әсер етеді. Олар сұраныс, ұсыныс, ауыл шаруашылық өнімдерінің бағалары және бәсекелестік. Ауыл шаруашылық өніміне деген нарықтық сұраныс баға жағынан да, табыс жағынан да икемсіз болып келеді. Тұтынушылар азық-түліктің негізгі түрлерін олардың бағаларының төмендеуіне немесе көтерілуіне, не болмаса өздерінің табыс көдерінің көлеміне қарамастан бұрынғысынша сатып алады.

Соңғы кездері бәсекелестіктің көтерілуі ретінде әр түрлі кәсіпорындардың біріктірілуі, сонымен қатар сала-аралық біріктірулер қарастырылуда. Біріктіру процесінің кеңейтілуі Аграрлық Өнеркәсіптік кешенінің (АӨК) ауыл-



шаруашылық өнімдерін жүзеге асыра алатын көлемде өңдеу шарттастырылған. Агро өнеркәсіптік интеграция АӨК өндірісінің салааралық зара қарым-қатынастарының ең бір дамушы формасы болып табылады. Технологиялық, мүліктік және қаржылық интеграция аграрлық, өңдеуші, қыммет көрсету және саудалық кәсіпорындардың жұмыс атқаруында бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Елдің астық секторанда меншік пен жоғары лауазымды адамдардың тобының қолдарындағы билігінің шырғылануы негізінде құрылған күрделі астық компаниялары аясындағы агро өнеркәсіптік интеграциялар үлкен көлемде таралған.

Агрохолдингтер тікелей біріктірілген құрылымдардың нақты жүйесін ұсынады. Ол өз алдына, еншілек кәсіпорындардың дербестігін сақтай отырып, орталықтан басқару жүйесін қамтиды. Біріктіруші фирма еншілес кәсіпорындар мен корпоративтік құрылымдардың даму стратегиясын анықтап, тапсырыс портфеліп қалыптастырады, өндірісті қаржыландырып, өндірістік, инвестициялық, қаржылық жоспарлардың орындарын бақылап отырады. Еншілес кәсіпорындар (ЖШС) өзіндік есеп айырысу шотын иемдене отырып, өндірістік іс-әрекеттерді бекітілген жоспар бойынша дербес жүзеге асырады. Ең тиімді іс-әрекеттерден түскен табыстар өндірістік және әлеуметтік дамытуларға инвестицияланады. Алдымен заманауи технологиямен қамтамасыз етілген жұмыс орындарын құру мен техникалық модернизацияға жұмсалады.

Қазіргі таңда Солтүстік Қазақстанның астық кешенінде 100 күрделі біріккен холдингтік құрылымдар құрылып, белсенді жұміс атқаруда. Үш солтүстік облыстың департаментінің есебіне жүгінсек, инвесторлық фирмалардың басқаруына жалпы аумағы 41 млн. га, яғни аймақтың 36,6 пайызын құрайтын 293 ауыл шаруашылық кәсіпорындары берілген немесе сатылған.

Көптеген астық компаниялары да нан қабылдау бекеттері мен элеваторлар, диірмендер және т.б. өңдеуші кәсіпорындарды сатып ала отырып, күрделі агроөнеркәсіптік компанияларға айналды.

Осылайша, «Иволга-Холдинг» ЖШС (Қостанай облысы) құрамында 522 мың га астық аумағы бар 28 ауыл шаруашылық құрылысы, элеваторлар желісі және нан қабылдау пунктері бар. Олар Қостанай облысы мен Ресей Федерациясының аумағында 1,7 млн.га астық сақтау көлемі бар диірмендік кешендер, наубайханалар, күріш, кеспе өнімдері мен т.б. өндіретін цехтерден тұрады. Және де мұнай өнімдері мен астық нарығында трейдерлік іс-әрекеттерді экспорттық-импорттық операциялардың көлемін көбейте отырып жүзеге асырады. Ол жыл сайын 1 млн. дейін өнім өндіріп, оның 500-700 мың.т. астығын экспортқа шығарады.

Мұндай агроөнеркәсіптік құрылымның республикада жұмыс атқаруы оның тиімді және тиімсіз тұстарының бар екендігін көрсетеді. оң факторларға біріктіруші фирмалардың астық өндірісін инвестициялауы, яғни ауыл шаруашылық кәсіпорындарға құрал-жабдықтар мен т.б. минералдық-техникалық



ресурстарды жеткізуін жатқызуға болады. Одан басқа, өндірістің біріктілілген сфералары, астық компанияларының аясындағы сақтау және өңдеу жұмыстары белгіленген деңгейде бұрынғы бұзылған байланыстарды орнына келтірін, өнім өндіруді орталықтан басқаруды қамтамасыз етті. Ал, кемшілігі, ауыл шаруашылық кәсіпорынының жұмысшылары, яғни бұрынғы жер иелері, жерсіз, материалды-техникалық базасыз қалып, жалдамалы жұмысшыларға айналды.

Реформа нәтижесінде бүгінгі таңда солтүстік ауданда К(Ф)Х-ң өзіндік жер пайынан құрылған егістік аумағының көлемі осы аудандағы астық аумағының тек 26 пайызын құрайды. Шаруалардың жер пайының кішкене ғана бөлігі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының құрамына енген, онда шаруалар сол кәсіпорындардың құрылтайшылары болып табылады.

Интергациялық процесстің жергілікті, аумақтық және ұлттық деңгейдегі тиімді даму бағыттарының бірі ел кәсіпорындарын кластерлік принцип бойынша біріктіру табылады. Кластерлер – бұл географиялық көршілес өзара байланысқан компаниялар мен олармен байланысты белгілі-бір сферада қызмет атқаратын және бірін-бірі толықтырып, бірігіп әрекет ететін ұйымдар тобы. Сонымен қатар, ғаламдық нарықта бәсекеге түсетін 1 немесе бірнеше компаниялар көшбасшы орындарда орналасады, ал олардың айналасында шикізаттар, компонентер мен қызмет көрсетулерді жеткізуші компаниялар шоғырланады.

Классикалық түсінікте бұл жеткізушілер, өндірістік емес сфералар, университеттер, зерттеу ұйымдары, инфрақұрылымдық ұйымдар мен тұтынушылар альясынан тұратын өзара байланысқан өндірістік желі. Кластерлік білім берудің жалпы және ең маңызды принциптері мыналар: біріншіден, бұл қосылған құн тізбегіне өзіндік қызығушылықтары бар кәсіпорындар желісі; екіншіден, өндірістік байланыстардың инициативтік, инновациялық, нарықтық желілері. Ол бәсекелестікті дамыту қажеттігі кезінде фирмалар өзара түсіністікке келген кезде ғана тиімді боып келеді; үшіншіден, бұл салалық емес кәсіпорындардың, ұйымдардың және экономикалық сфералардың өндірістік желісі.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кластерлік бағыт, әсіресе, аумақтық кластерлер шағын және орта бизнестің дамуына негіз болады. Көшбасшы кластерлік компаниялар басты бағыттық іс-әрекеттерді шоғырландырып, шағын кәсіпорындарға қызмет көрсетіп, аралық өнім өндірісін табыстайды.

Астық нарығын отандық тәжірибеде жүйелеу көрсеткендей, астық нарығын экономикалық жағдайда құру мен дамыту әрекеттері өндірістіі басқарудың ұйымдастырушылық-ұжымдық жүйесін жою, астықты өндіру мен қолдану, ұлттық астық саясатын түпкілікті өзгеру және шаруашылықтың нарықтық моделін енгізу жұмыстарымен тікелей басыланысты.

Шаруашылықтың нарықтық механизміне көшу кезіндегі қажетті объективті факторларына төмендегілерді жатқызуға болады:

- 1993 жылдардағы аса жоғары экономикалық даму қарқыны бертін келе (1950-1960жж) жоғары қарқынды дамып, кейін (1970ж) төмендеп, соңына (1980ж. басына) өз дамуын тоқтатты;
- Дамыған елдерден ғылыми-техникалық артта қалушылық орын алды. экономика экстенсивті даму факторын жоя отырып, стагнация сатысына түсіп кетті. Ал, интенсивтік даму үшін негіздер құрылмады;
- Тұрғындардың өмірлік деңгейі төмендеп, өмір сүру сапасы нашарланды. Ал, қоғамдық өндіріс халықты бірінші деңгейлі қажетті тауарлармен қамтамасыз ете алмады;
- Отандық және шетелдік тәжірибеден көретініміз, таза нарықтық механизм тиімді шаруашылық жүйесін құруды түбегейлі шеше алмайды.

Осыған жағдайларға орай оның тиімді және кемшілік тұстары бар.

Шаруашылықтандырудың нарықтық механизмінің тиімді тұстарына мыналарды жатқызуға болады: НТР нәтижелерін оптимальды қолдану мен ресурстарды тиімді бөлу; талаптардың өзгеруіне қатысты икемді және жоғары адаптациялануы, өнім өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланыстарды құру; өндірушілерді еңбекті тиімді ұйымдастыру мен қажетті тауарларды мүмкіндігінше аз шығын шығара отырып өндіруге итермелеу, тауар өндірушілер арасында әділеттік бәсекелестік принципіне негізделі отырып, тауарлар мен қызмет көрсетулер сапасын қамтамасыз ету.

Ал, кемшілік тұстарына, біріншіден, қоғамның әлеуметтік тез бөлінуі, бәсекелестік күрестің енгізілуіндегі шектен тыс қатігездік; экономиканың тұрақсыздығы мен инфляциялық процесіндегі таза нарықтық әдіс бойынша реттеудің басқарылмауы жатады:

Ел экономикасын шаруашылықтандырудың жаңа талаптарын қолдану тәжірибесі мынан көрсетеді, нарық қолданысқа енгізілмеген ресурстарды сақтауды қамтамасыз етуді, қоршаған орта экологиясын қадағалауды, қоғамдық қолданыстағы тауарлар мен қызмет көрсетулердің нақты түрлерінің өндірілуін және т.б. қамтамасыз ете алмайды. мұның бәрі мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық процесстердің реттелуіне белгілі-бір мөлшерде септігін тигізейді. бұл аграрлық сферада аса өзекті болып табылады.

Заманауи экономиканың дамуы мен нарықтық қатынастарды дұрыс жүзеге асырудың басты талаптары болып бәсекелестік ортаны құру мен қолдау табылады. Нарық талаптарына сай әр түрлі бәсеке механизмдері шаруашылық субъектілеріне әсер ететін нарық бәсекелі нарық болып табылады. Егер де нарықтық монополизация деңгейі өссе, онда мемлекет бәсекелік ортаны сақтау үшін нақты шаралар қабылдауы тиіс.

әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономикасы дамыған елдерде таза түрдегі шаруашылықтың нарықтық принциптері кездеспейді. Көне нарықтан бас тарта отырып, олар жоспарлау мен экономикалық процесс және халықаралық саудада шоғырланған мемлекеттік реттеудің тиімді жақтарын қолданысқа енгізді.

Мұның барлығы мынаны дәлелдейді. Яғни, заманауи экономикада нарыққа қатысты классикалық либералдық идеология еш жерде қолданылмайды, сонымен қатар, классикалық нарық мүлдем кездеспейді. Ол аралас экономиканың әр-түрлі үлгілерінде шоғырланған, ал еркін нарықтық үлгі оның мемлекеттік реттеушіліктерімен тоғысады.

Шаруашылық механизмдері нарық талаптарында қандай жолмен құрылса да, онда нарықтық ортаның ішкі талаптарының әсерінен тундайтын жүйелеу процесінде белгілі-бір ескерілмеушіліктер болуы мүмкін. Бұл жағдайда мемлекеттің реттеушілік ролі артады.

Мемлекеттік ролдің арту мәселесін қарастыра отырып К.Сағадиев өткізілген реформалардың кемшілік тұстарын былай түсіндіреді: «... мұның мәні мемлекеттің өзі құрған нарықтық ережелерді ұстануда әлсіздік танытуында. Бүгінгі мәселе нарықтық заңдар мен нарықтық институттардың жоқтығында емес, олар бізде құрылған. Мәселе оларды нарық субъектілері ұстануы, мемлекеттің субъектілерді мәжбүрлей алуында, бұл ережелерді сақтау кімге қатысты деген сұрақтарға жауап беруімізде өкінішке орай біз күнделікті қазақстандық нақтылық жағдайында көптеген бейформалды қатынастарды көріп жүрміз. Осы ескерілмеген ережелер күннен-күнге заңдық актілер мен енгізілген ережелер алдында үлкен мәнге ие болып, елдің өмірлік сферасына біртіндеп енуде. Бұл ережелердің ел нарығында белең алып, елде өтпелі экономика орнамайтынына кімкепіл. Яғни, нарықтық ережелер мен институттар біртіндеп құрыла бермек, бірақ олар әлсіз немесе мүлдем жұмыс атқармайды, ал барлық шаруашылық механизмдерінің өзіндік тіркелмеген келісімшарттары мен ережелер нормалары болады. Бұл жемқорлық үшін оңтайлы орта қалыптастырады. Бұл жағдай Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуының бірден-бір кедергісі екені сөзсіз.»

Сол себепті мынадай нәтиже шығарамыз, экономикалық тұрғыдан нарық өзін-өзі реттеуші жүйе болғандықтан, мемлекеттің негізгі мәселесі нарықты өзін-өзі жоғарғы деңгейде реттей алатын экономикалық орта қру төңірегінде болуы тиіс. Сонымен қатар, АӨК болжамына жүгінсек, реттеушіліктің тиімді экономикалық механизмі ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің қызығушылықтарын қанағаттандыратын астық нарығын құрылымдау талаптарын қалыптастыруда маңызды рол атқарады.

Алға қойылған мақсатты жүзеге асруда мемлекеттік деңгейдегі негізгі қозғаушы күштері болып мына экономикалық шаралар табылады: бағалар, несиелек мөлшерлемелер, банктік пайыз, дотациялар мен өтемдер, субсидиялар, салықтар мен салықтық жеңілдіктер, санкциялардың қолданысы, ішкі экономикалық саясаттың жүзеге асулары. Өндіріс, өтімдер мен астықты қолдану аясындағы экономикалық саясат астық нарығындағы мемлекеттің ролі мен оның барлық қатысушыларын реттейтін заңдық және басқа да нормативтік актілерге жүгінуі тиіс. Ең өзектілері болып аграрлық секторды шаруашылықтандырудың басқару формасының оңтайландырылуы, оның ауыл шаруашылығы өндірісінде

алатын орны мен рөлін анықтау, олардың дамуы стратегиясы мен тактикасын әзірлеу табылады.

Аймақтық деңгейдегі шаралар негізінен астық нарығының нақты мәселелерін шешуге бағытталады. Олар: талапқа сай астық өндірісінің құрылымын енгізу, мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыруды қамтамасыз ету, тұрғындарды астық және астық өнімдерімен өзіндік қамтамасыздандыру.

Нарықтық жүйеде мемлекеттік ықпалдың негізгі бағыттарының бірі ел аумағындағы астық ағыны мен сауда-саттық байланыстардың аймақтық реттеушісі болуы тиіс. Оның қажеттілігі мына жағдайларда шарттастырылған – бір аймақта өндірілген ауыш шаруашылық өнімдерінің үлкен бөлігі басқа аймақтарда тұтынылады.

АӨК-ң мемлекеттік қолдау шаралары мақсаттық белгілері бойынша топтастырылған. Олардың негізгілері болып келесілер табылады.

Өндірушілер табысын қолдау. Оның құрамына өтемдік төлемдер, дүлей апат шығындары кезіндегі төлемдер; өндірісті қайта ұйымдастырумен байланысты азық-түлік нарығына әсер ететін шараларға тізбектік араласулар: ауыл шаруашылық өнімдеріне деген ішкі бағаны ұстап тұру; квоталарды, азық-түлік импорты мен экспортына салынатын салықтарды құру;

Шығындардың өтелімдері. Мұнда өндіріс өнімдерін тұтынатын тауар өндірушілерді субсидиялау шаралары, ГСМ, улыхимикаттар мен жем-шөп сатып алуға бөлінетін субсидиялар мн басқа да салымдар; алынған несие бойынша төленетін пайыз субсидиялар; меншікті сақтандыру төлемдерінің субсидиялау шаралары жатады.

Нарықты дамытуда біріге әрекет ету. Бұл бөлімде қарастырылған шаралар: өндіріске жұмсалатын мемлекеттік жабдықтардың бөлінуі және нарықтық бағдарламалардың орындалуы; өнімді сақтауға бөлінетін субсидиялар; ауыл шаруашылық өнімдерін тасымалдау бойынша транспорттық жұмыстарды жүзеге асыруға бөлінетін субсидиялар.

Өндірістік инфрақұрылымды дамытуда біріге әрекет ету. Бұған, өндірістің тиімді дамуын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді іс-шараларды өткізуге жұмсалатын мемлекеттік құрал-жабдықтардың бөлінуі; өндірістің тиімді дамуын қамтамасыз ететін шаруашылық тұрғы жайлардың құрылысына бөлінетін субсидиялар; суландыру жобаларын жүзеге асыру субсидиялары; жердің құнарлылығын қайта орынына келтіру шараларының субсидиялары; фермерлік бірігулер мен топтастырулар жатады.

Аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру. Оған өндірістік дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асыруларға бөлінетін бөлінулер. Берілген барлық мемлекеттік қолдау шаралар Канада, АҚШ сияқты басқа да көптеген елдерде кеңінен тараған.

Макроэкономикалық саясат. Бұл топта мемлекеттік реттеуге бағытталған АӨК іс-әрекеттердің берілген саламен тікелей қатысы жоқ, бірақ оның тиімді құрылуына әсер ететін іс-шаралары; жеңілдетілген салық саясатының жүргізілуі, квоталар, дамудың басымды бағыттарын, стандарттар мен техникалық



